

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Жастар» ғылыми зерттеу-орталығы

**«Мемлекеттік жастар саясатының
жай-күйі: қажеттіліктер мен
әлеуметтік тәжірибелер»**

**Әлеуметтік зерттеулер нәтижелері
бойынша талдамалық есеп**

Астана, 2017

Мемлекеттік жастар саясатының жай-күйі: қажеттіліктер мен әлеуметтік тәжірибелер/ О.В.Калдыбаева, А.С.Кайдарова, Р.Р.Аюпова, Г.М.Султабаева, З.Т.Алинова – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2017. – 106 б.

Баяндама Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен жүргізілген «Мемлекеттік жастар саясатының жай-күйі: қажеттіліктер мен әлеуметтік тәжірибелер» әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне негізделген. Мемлекеттік жастар саясатының даму үрдістерін, Қазақстан жастарының оны қабылдауын, жас қазақстандықтардың өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі басқаруға және елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысуға дайындығын зерттеу нәтижелері болып табылады.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2017

МАЗМҰНЫ

I тарау. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы.....	5
1.1 Жағдайдың түсініктемесі	5
1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.....	6
1.3 Зерттеу объектісі мен мәнісі.....	7
1.4 Негізгі ұғымдар түсіндірмесі.....	7
1.5 Зерттеу гипотезалары.....	8
1.6 Зерттеудің әдістемелік бөлігі.....	9
II тарау. Заманауи қазақстандық жастардың әлеуметтік көңіл-күйі..	12
2.1 Жастардың құндылыққа қатысты көзқарастары.....	12
2.2 Елдегі заманауи жастардың өмірге қанағаттануы және көңіл-күйілері	15
2.3 Жастардың елдегі өзгерістерді қабылдауы.....	21
2.4 Жастардың өз өміріндегі өзгерістерге қатысты ұстанымдары.....	23
<i>Тарау бойынша қорытындылар, болжамдар мен ұсыныстар.....</i>	<i>30</i>
III тарау. Қазақстан жастарының өзекті мәселелері.....	32
3.1 Заманауи Қазақстан жастарының негізгі мәселелері (жастардың пікірлері бойынша).....	32
3.2 Жастардың жұмысқа орналасу саласындағы негізгі қиыншылықтары және жастардың аталған мәселені шешуде мемлекеттен күтетін жәрдемі	33
3.3 Жастардың Қазақстандағы жастар саясатының басым бағыттары туралы пікірлері.....	36
<i>Тарау бойынша қорытындылар, болжамдар мен ұсыныстар</i>	<i>39</i>
IV тарау. Жастардың мемлекеттік жастар саясаты жөнінде ақпараттандырылғандығы.....	41
4.1 Қазақстан жастарының мемлекеттік жастар саясатының маңыздылығы туралы пікірлері.....	41
4.2 Жастардың Қазақстан Республикасы Президентінің Бағдарламалық мақаласы мен Жолдауын білуі.....	43
4.3 Жастардың елдегі жастар ұйымдары туралы білуі.....	46
4.4 Жастардың жастар саясаты саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы туралы білуі және оларға қатысу белсенділігі.....	48
<i>Тарау бойынша қорытындылар, болжамдар мен ұсыныстар</i>	<i>52</i>
V тарау. Жастардың елде жүргізіліп жатқан жастар саясатының тиімділігін бағалауы	54
5.1 Жастардың жастар саясатының тиімділік деңгейі туралы пікірлері.....	54
5.2 Мемлекеттік саясат төңірегіндегі жекелеген шаралардың тиімсіздігінің негізгі себептері (жастардың пікірлері бойынша).....	59

5.3 Жастардың елде жүргізіліп жатқан жастар саясатына қанағаттану деңгейі	61
<i>Тарау бойынша қорытындылар, болжамдар мен ұсыныстар</i>	<i>64</i>
VI тарау. Заманауи қазақстандық жастардың әлеуметтік белсенділігі..	66
6.1 Заманауи қазақстандық жастардың санасындағы әлеуметтік белсенділік ұстанымдары.....	66
6.2 Жастарды жастар ұйымына мүше болуға ынталандыру	69
6.3 Жастардың еріктілікке қатысты көзқарастары және оған қатысуға ынталандыру.....	72
6.4 Жастардың сайлауға қатысуы.....	74
6.5 Заманауи қазақстандық жастардың патриотизм ұғымын түсінуі.....	75
6.6 Жастардың өз елі үшін нақты әрекеттерге дайындығы.....	77
<i>Тарау бойынша қорытындылар, болжамдар мен ұсыныстар</i>	<i>79</i>
ҚОРЫТЫНДЫ.....	81
ҚОСЫМША.....	83

I ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1 Жағдайдың түсініктемесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша 2016 жылдың басында, елдегі халық санындағы қазақстандық жастар құрамы 23,8% және олар маңызды стратегиялық, әрі кадрлық ресурс болып табылады. Жастар әлеуметтік қарым-қатынаста, материалдық және рухани игілік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жастардың қоғамдағы ахуалы мен олардың әлеуметтік ортаны дамытуға қатысуы мемлекетке де, жастардың әлеуметтік-саяси белсенділігіне де тәуелді.

Қазақстан Республикасындағы жастар мен мемлекеттің қарым-қатынасын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжат 2015 жылдың «9» ақпанында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң болып табылады, аталмыш құжатта жастар саясатын жүргізу мақсаттары, міндеттері мен бағыттары, сонымен қатар жастарды мемлекеттік қолдау механизмдері қарастырылып, жастардың әлеуметтік және саяси құқықтары бекітілген. Жыл сайын елімізде жастар конгрестері мен форумдары ұйымдастырылып, өткізіліп отырады, оларға алыс және жақын шетелдердің сарапшылары да қатысады, заманауи жастардың өзекті мәселелері талқыланып, жастар саясаты саласының сарапшы мамандарының қатысуымен дөңгелек үстелдер барысында аталған мәселелерді шешу жолдары қарастырылады.

Елімізде жастар саясаты саласында бірқатар нәтижелі бағдарламалар жүзеге асырылды. Олардың ішінде: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың «17» ақпанында бекіткен «Қазақстан жастары» бағдарламасы, 2003 жылдың «13» ақпанындағы «Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» баяндамасы, 2005 жылдың «18» шілдесіндегі «Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» баяндамасы бар. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» жүзеге асырылды.

Президент Н.Ә. Назарбаев аса маңызды стратегиялық құжаттар бойынша сөз сөйлей отырып, үнемі ел жастарының ерекше рөлге ие екендігін атап айтады, Қазақстан болашағының жастардың қолында екендігін және қазақстандық жастарды жауапкершілігі зор және белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлға етіп тәрбиелеудің қажет екендігіне басты назар аударады. Мемлекет жастардың шығармашылық және кәсіби тұрғыдан даму мүмкіндіктерін арттыруға, жастардың әлеуметтік хал-ахуалын жақсартуға барынша күш салып отыр.

Жастардың әлеуметтік-экономикалық процесстерге араласуының тиімділігін қамтамасыз ету үшін жастар ортасының мәселелерін зерттеп, жастармен жұмыс жасайтын мамандардың біліктіліктерін арттыру қажет.

Осы зерттеудің өзектілігі мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуының тиімділігінің көптеген жағдайда жастардың мемлекеттік жастар саясатына қатысты негізгі тенденцияларын анықтауында екендігінде. Қазақстандық жастардың МЖС реттеуге және дамытуға бағытталған әлеуметтік институттар, ұйымдар мен мемлекеттік бағдарламалар туралы пікірлері мен бағаларына жасалған талдау жастар саясаты, жастар саясатынан жастардың күтетін үміттері мен оған деген қажеттіліктері бойынша қалыптасқан жағдай туралы нақты ақпарат беріп отыр. Оған сүйенетін болсақ, қазіргі уақыттағы мемлекеттік жастар саясатының жағдайына диагностика жасау және мониторинг жүргізу мақсатында жүйелі түрде талдамалық зерттеулер жүргізіп отыру қажет.

1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері

Осы зерттеудің мақсаты мемлекеттік жастар саясатының ахуалын барлау, оның даму мүмкіндіктерін анықтау, сонымен қатар оның тиімділігінің жастар тарапынан бағалануы болып табылады.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегі негізгі зерттеу міндеттерін орындау қажет:

- 1) жастардың негізгі құндылық ұстанымдарын анықтау;
- 2) елдің заманауи жастарының өмірге қанағаттану деңгейі мен көңіл-күйлерінің басым түрін бағалау;
- 3) жастардың елде болып жатқан өзгерістерді қабылдау ерекшеліктерін анықтау;
- 4) жастардың өз өмірін өзгертудегі бағыт-бағдарларымен танысу;
- 5) заманауи қазақстандық жастардың негізгі мәселелерін анықтау (жастардың өздерінің пікірлері бойынша);
- 6) жастардың жұмысқа орналасу саласындағы негізгі қиыншылықтары және жастардың аталған мәселені шешуде мемлекеттен күтетін жәрдемін талдау;
- 7) жастардың Қазақстандағы жастар саясатының басым бағыттары туралы пікірлерімен танысу;
- 8) Қазақстан жастарының мемлекеттік жастар саясатының маңыздылығы туралы пікірлерін зерттеу;
- 9) Жастардың Қазақстан Республикасы Президентінің Бағдарламалық мақаласы мен Жолдауын білу деңгейін анықтау;
- 10) Жастардың елдегі жастар ұйымдары туралы білуін анықтау;
- 11) жастардың жастар саясаты саласындағы мемлекеттік жобалардың жүзеге асырылуымен қаншалықты таныс екендігін анықтау;
- 12) жастардың жастар саясатының тиімділік деңгейі туралы пікірлерін талдау;

- 13) мемлекеттік саясат төңірегіндегі жекелеген шаралардың тиімсіздігінің негізгі себептерін белгілеу (жастардың пікірлері бойынша);
- 14) жастардың елде жүргізіліп жатқан жастар саясатына қанағаттану деңгейін бағалау;
- 15) заманауи Қазақстан жастарының санасындағы әлеуметтік белсенділік ұстанымдарды анықтау;
- 16) жастарды жастар ұйымына мүше болуға ынталандыру амалдарын белгілеу;
- 17) жастардың еріктілікке және оған ат салысуға қатысты көзқарастарын анықтау;
- 18) жастардың сайлауға қатысу деңгейін анықтау;
- 19) заманауи Қазақстан жастарының патриотизм ұғымын түсіну ерекшеліктерін анықтау;
- 20) жастардың өз елі үшін нақты әрекеттерге дайындығын талдау.

1.3 Зерттеу объектісі мен мәнісі

Зерттеу объектісі: жастардың мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылу барысы мен оны дамыту мүмкіндіктері туралы пікірлері. Жастар – Қазақстан республикасының жасы 14-29 аралығындағы, олардың әлеуметтік-демографиялық және территориялық сипаттамаларын репрезенттеуші параметрлер бойынша іріктелген тұлғалар.

Зерттеу мәнісі – Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуының тиімділігі және оның қазақстандық жастардың дамуына ықпалы.

1.4 Негізгі ұғымдар интерпретациясы

Жастар – он төрт жасқа толған және жиырма тоғыз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының жас азаматтары. Жастар – бұл әлеуметтік-жас шамасына қарай іріктелген, қоғамда өзінің жас шамасымен және мәртебесімен ерекшеленетін топ: балалық шақ пен жастық шақтың әлеуметтік жауапкершілікке ауысу кезеңі. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам белгілі жеңілдік бере отырып әлеуметтік қалыптасуларына мүмкіндік беретін, бірақ әлеуметтік салаларға белсене ат салысу мүмкіндігін шектейтін жас тұлғалар топтамасы деп түсіндіреді.

Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі. Мемлекеттік жастар саясаты көптеген елдер үшін жалпы саясаттың басым бағытының бірі болып саналады. Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен жастар арасындағы қарым-қатынас саласын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжат Қазақстан Республикасының 2015 жылдың «9» ақпанындағы №285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы болып табылады, онда жастар саясатын жүргізу мақсаттары, міндеттері мен бағыттары, сонымен қатар

жастарды мемлекеттік қолдау механизмдері қарастырылып, жастардың әлеуметтік және саяси құқықтары бекітілген.

Әлеуметтік қажеттілік – әлеуметтік субъектінің өмір сүруі үшін қандай да бір жағдайлардың жеткіліксіздігі барысындағы бастапқы қозғаушы күш, оның қажеттілігін білдірудің үлгісі. Тек қана саналы түрдегі қажеттілік адамдардың мақсаттарының, ниеттерінің, мүдделерінің айқындалуы салдарынан әрекет етуге бастайтын күш бастамашы күш бола алады.

Әлеуметтік көңіл-күй – бұл белгілі әлеуметтік топтаманың өзінің қоғамдағы ахуалына, әлеуметтік-экономикалық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылу деңгейіне, мүдделерінің орындалуына беретін бағасының эмоционалдық аспектісі. Әлеуметтік көңіл-күй арқылы топтың қоғамда болуы арқылы қалыптасатын жағдайының жалпы сипаты (экономикалық, саяси, идеологиялық, ұлттық және т.б.) көрсетіледі. Әлеуметтік көңіл-күй әлеуметтік марапатты, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін, мүдделерінің жүзеге асырылуын басқа адамдардың осындай мүмкіндіктерімен (шарттарымен) салыстыру барысында қалыптасады.

Жастардың әлеуметтік тәжірибелері – жастардың күнделікті өмірде қабылданатын қоғамдық маңызы бар шешімдерге, қабылданған шешімдердің нәтижелері үшін жауапты болуға қатысу мүдделері мен құқықтарын, сонымен қатар демократиялық әдіспен әлеуметтік ортаға ықпал ету құқығын жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері мен өзін-өзі ұстаудың дағдылы амалдарының жиынтығы.

Құндылық ұстынамдары – адам санасындағы ол өмірдегі стратегиялық маңызды мақсат және жалпы дүниетанымдық қағидат деп танитын құндылықтар сипаты.

Жастардың миграцияға бейімделуі - халықтың көші-қон феномені жан-жақты және күрделі болып табылады. «Көші-қон» ұғымын интерпретациялау барысында ең алдымен оның теориялық және тәжірибелік алғышарттары мен олардың әлеуметтік, саяси, экономикалық процесстерге әсері және қоғам өміріндегі құбылыстарға ықпалы түсіндіріледі. Ғылыми әдебиеттерде «көші-қон» дегеніміз халықтың әлеуметтік және еңбектік мобильділігінің артуына байланысты экономикалық құрылым мен өндірістік күштердің орналастырылуы салдарынан тұрғындардың тұрғылықты жерін (елді мекенін) ауыстыруына тығыз байланысты аса күрделі әлеуметтік-демографиялық үрдіс. Жастардың қоныс аударуы мақсатты аудандарда еңбекке неғұрлым қабілетті топтар арасындағы жұмыс күші санының төмендеуіне соқтырады, соның ішінде біліктілікке немесе мамандыққа жаңа ғана қол жеткізген жастар да бар.

1.5 Зерттеу гипотезалары

Мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуы жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Жастар арасында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру

төңірегінде атқарылып жатқан шаралар туралы хабардар тұлғалар саны артуда және аталған саясаттың тиімділігіне берілетін баға да көтеріліп келеді.

Қазақстандық жастар өздерінің өмірлік ұстанымдарының белсенділігін көрсетіп, оптимизмді арттырып отыр, тек жастардың белсенділігін үйлестіріп, қажетті салаға бағыттау керек.

Мемлекеттік жастар саясаты аясында атқарылатын жұмыстарға сапалы ақпараттық қолдау қажет, себебі, жастар түрлі бағдарламалар мен жобаларға қатысуға дайын, бірақ көптеген жағдайда олардың бар екендігін білмейді және кімге, қайда жүгіну керектігінен хабардар емес.

1.6 Зерттеудің әдістемелік бөлігі

Іріктеу көлемін анықтау

Бұл зерттеуде респонденттерді іріктеу үшін біріншіден, іріктеудің ықтималдық дизайны пайдаланылды, ол кез-келген тұлға (14-29 жас аралығындағы) сабақтастық ауқымында талдау үшін тең мүмкіндікке ие болатындай қалыптастырылды. Екіншіден, страталанған көп сатылы іріктеу қолданылды, онда негізгі страталар ретінде төменде көрсетілген сатылар алынды.

1-саты. Облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша іріктеу – жасы 14-29 аралығындағы халық санына сүйене отырып іріктеу көлемі елдің 16 өңірі бойынша анықталды: Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық.

2-саты. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әр облыс бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемі анықталды.

3-саты. Бастапқы нүктені іріктеу – әр елді мекен бойынша кездейсоқ амалмен сапар бағытының бастапқы нүктесі мен респонденттер саны анықталды.

4-саты. Үй шаруашылығын іріктеу – бастапқы нүктеден басталатын сапар бағыты бойынша «сол қанат» ережесіне сай үй шаруашылықтары іріктелді.

5-саты. Респонденттерді квота бойынша іріктеу – әрбір жеке үй шаруашылықтары бойынша респонденттер екі белгі бойынша іріктелді: жынысы мен жасы (жыныстық-жастық квота бойынша). Респондент жасының 14 төмен, 29 жоғары болмауы керек, жынысы бойынша репрезентативтік өкілдік талабы сақталды (сауалнама жүргізілген ерлер мен әйелдер саны әр облыс, қала және ауыл бойынша статистика жөніндегі Комитет деректеріне сай есептелді).

Жоба бойынша іріктелген жиынтық, адам

	Барлық тұрғын			Қалалық тұрғындар			Ауылдық тұрғындар		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1006	994	1145	560	585	854	446	408
Ақмола облысы	79	41	38	36	18	18	43	23	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	20	18
Алматы облысы	211	108	103	49	25	24	162	84	78
Атырау облысы	68	35	33	31	15	16	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	71	36	35	35	17	18	36	19	17
Жамбыл облысы	122	62	60	48	24	24	74	38	36
Қарағанды облысы	149	75	74	117	58	59	32	17	15
Қостанай облысы	96	49	47	51	25	26	45	23	22
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	32	17	15	40	20	20
Оңтүстік Қазақстан облысы	340	173	167	150	75	75	190	99	91
Павлодар облысы	78	39	39	55	27	28	23	12	11
Солтүстік Қазақстан облысы	55	29	26	26	13	13	29	16	13
Шығыс Қазақстан облысы	144	73	71	91	45	46	53	29	24
Астана қаласы	101	48	53	101	48	53	-	-	-
Алматы қаласы	223	103	120	223	103	120	-	-	-

* ҚР ұлттық экономика Министрлігінің статистика жөніндегі Комитетінің 2016 жылғы мәліметтері бойынша.

Қолданылған іріктеу репрезентативті болып табылады, демек, белгіленген параметрлер бойынша респонденттер құрамы негізгі сабақтастықтағы сәйкес пропорцияларға жуық (статистика жөніндегі Комитеттің 2016 жылғы мәліметтері бойынша). Іріктеу сабақтастығының орташа сипаттаманың негізгі сабақтастық сипаттамаларынан ауытқуы $\pm 3,5\%$ артық емес.

Бастапқы әлеуметтік ақпараттарды жинауда пайдаланылған әдістің сипаттамасы

Бастапқы әлеуметтік ақпараттарды жинауда жасы 14-29 аралығындағы жастарға «face-to-face» әдісімен жүргізілген жалпылай сауалнама амалы пайдаланылды. Бұл әдіс Қазақстан жастары ортасында қалыптасқан жағдай бойынша неғұрлым объективті ақпарат алуға, сонымен қатар жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибелері туралы мәлімет алуға мүмкіндік берді.

Жалпылама сауалнама жүргізу төңірегінде ақпарат жинау көбіне респонденттердің тұрғылықты жерлері (пәтерлік сауалнама), оқу/жұмыс

орны/жұмыспен қамту орталығы (қажетті топты неғұрлым жылдам табу және және сауалнамаға қатыстыру мақсатында) бойынша жүргізілді.

Құралдар жиынтығы

Деректерді жинауда қолданылатын құрал-логикалық тұрғыда әзірленген сауалнама парағы, бұл–*әлеуметтік зерттеу сұрақнамасы*, бастапқы ақпарат жинауға арналған құрал, тираждалған құжат, онда белгілі ережелер бойынша құрастырылған және өзара байланысты сұрақтар бар. Әлеуметтік анкета сипаты мен белгілері, оның көлемі мен құрылысы, сұрақтардың бір-бірімен сабақтастыру айшықтамасы бір-біріне тығыз байланысты, сонымен қатар зерттеу объектісінің ерекшеліктеріне сай (жалпылай сауалнама) осы құралдың пайдаланылуы орынды.

Әлеуметтік сауалнама екі тілде дайындалды: мемлекеттік және орыс тілдерінде, респонденттер таңдаулары бойынша толтырды.

Зерттеудің ашық алаңда жүргізілген кезеңі бойынша ақпарат жинауды арнайы дайындалған, әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша іріктелген интервьюерлер жүргізді.

Интервьюерлер әр респондентпен сауалнама барысында сауалнамалардың толтырылуын қамтамасыз етті. Жалпылай сауалнаманы барлығы 90 интервьюер 16 аймақтық супервайзердің басшылығымен жүзеге асырды.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір және екі өлшемдік кестелер, корреляциялық талдаулар лицензияланған компьютерлік SPSS 21 бағдарламасының көмегімен дайындалды.

Ақпаратты талдау әдістемесі

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістемесі:

- 1) деректердің бір өлшемдік талдауы;
- 2) деректердің екі өлшемдік талдауы;
- 3) корреляциялық талдау болды.

Зерттеудің жүргізілу кезеңі: 2017 жылдың сәуір-маусым айлары аралығы.

II ТАРАУ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Мәселе.

Әлеуметтік жағдайдың феномені қоғамда да, халықтың түрлі әлеуметтік топтамаларында да қоғамдық ахуал мен пікірдің негізгі тенденцияларын білдіреді. Әр түрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтік ахуалын зерттеу әлеуметтік деңгейдегі өзгерістерді де, демек, қоғам санасындағы өзгерістерді, психологиялық өзгерістерді де, демек, дербес-тұлғалық өзгерістерді, бағалауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заман жастарының әлеуметтік ахуалын зерттей келе осы зерттеу барысында бастапқы төрт мәселенің шешіміне назар аударылды:

- жастар санасындағы басым құндылықтарды анықтау;
- ел жастарының өз өміріне қанағаттану деңгейін және жастар ортасындағы басым ахуал сипатын анықтау;
- жастардың соңғы уақытта елімізде орын алған өзгерістерді қабылдау ерекшеліктерін талдау;
- қанағаттанбайтын жағдайда жастардың өз өмірін өзгертуге қатысты ұстынамдарын анықтау.

2.1 Жастардың құндылыққа қатысты көзқарастары

Құндылықтар – бұл адамдардың маңызды деп санайтын, ерекше баға беретін, белгілі таңдау жасайтын заттары. Бұл адамның салыстырмалы түрдегі тұрақты, әлеуметтік тұрғыдан таңдалатын және негізді материалдық және рухани байлыққа қатысты жалпы пікірі. Адамның құндылықтар жүйесі әлемге көзқарасы тұрғысынан алғанда «іргетас» болып саналады. Жастардың құндылық ұстанымдары әдетте неғұрлым жасы үлкен топтамалардың көзқарастарымен салыстырылады, дегенмен, олардың қарама-қайшы болмауы да мүмкін.

Нәтижелер.

Жалпылай әлеуметтік сауалнама жүргізу барысында алынған мәліметтер негізінде заманауи қазақстандық жастар санасындағы аса маңызды құндылықтың отбасылық бақыт екендігі анықталды. Жауаптың бұл нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі (68,7%) таңдады.

Корреляциялық талдау жастардың есейген сайын отбасы мен отбасылық бақытқа көңіл бөлетіндігінің артуын көрсетіп отыр. Бұл құндылықты адам өміріндегі басты құндылық деп жасы 14-18 аралығындағы жастардың 59,4%, 19-23 аралығындағы жастардың 69% және 29 жасқа дейінгілердің 73,5% белгіледі. Бұл құндылық қыздар арасында маңыздырақ болғанын байқаймыз (қыздардың 72% белгіледі), ал жігіттердің бұл құндылық бойынша көрсеткіштері төмендеу (65,3%). Абсолютті басымдық бұл құндылық бойынша тұлғалардың біліміне, табысына, жұмыспен қамтылуына және отбасылық мәртебесіне қарамастан байқалады.

Жастар санасындағы құндылықтар иерархиясы бойынша екінші орында денсаулық: жастардың 56,3% денсаулықты өте маңызды деп санайды. «Сіздің ойыңызша қандай құндылықтар адам өмірінде өте маңызды?» деген сұраққа үш жауап таңдауға болатын, сондықтан, жауаптар жиынтығы жүз пайызды құрамайды. Отбасылық құндылық сияқты, денсаулықтың құндылығының артуы жасы ұлғайған сайын жоғары көрсеткішке ие (14-18 жас аралығында 51%, 19-23 жас аралығында 55,8% және 24-29 жас аралығында 59,3%). Денсаулықтың аса бағалы екендігіне басты назар аударғандардың жас әйелдер екендігін бақылаймыз (жас жігіттер арасындағы көрсеткішпен салыстырғанда 53,3% және 59,1%) (2-кесте).

2-кесте

«Сіздің ойыңызша қандай құндылықтар адам өмірінде өте маңызды?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Отбасылық бақыт	68,7
Денсаулық	56,3
Материалдық қамтамасыздану, байлық	36,6
Адал достар	27,0
Қызметтік мансап	18,5
Қызықты жұмыс	16,1
Тәуелсіздік, дербес бостандық	14,7
Басқа адамдарға пайдалы болу мүмкіндігі	7,5
Шығармашылық, өз дарыныңды шыңдау мүмкіндігі	6,2
Нағыз махаббат	4,7
Атақ, танымалдылық	2,7
Билік, басшылық ету мүмкіндігі	2,2
Жауап бере алмаймын	0,9

Жастар арасында құндылық ретінде материалдық қамтамасыздану мен байлық үшінші орында (36,6%) тұр. Молшылықтың маңыздылығы (жоғарыда аталған отбасылық бақыт пен денсаулық сияқты) респонденттер жасы ұлғайған сайын артады – жастардың үш топтамасы бойынша сәйкесінше 37,9%, 38,5% және 39,9%. Мәліметтерді ұлттық ерекшелік бойынша қарастыра отырып, біз материалдық құндылықтың орыс ұлты (43,4%) мен басқа ұлт (қазақтар мен орыстардан басқа ұлттар) арасында жоғары екендігін аңғарамыз - 38,9%; қазақтар арасында бұл құндылықты сауалнамаға қатысқандардың 34,3% белгілеген.

Құндылықтар иерархиясында төртінші орынды Қазақстан жастары достыққа беріп отыр, «Адал достар» жауабын «Сіздің ойыңызша қандай құндылықтар адам өмірінде өте маңызды?» сұрағы бойынша сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігінен азы таңдаған (27%). Егер, бұл құндылықтың маңыздылығын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты қарастыратын болсақ, респонденттер ересек болған сайын көрсеткіштің төмендігі анық байқалады. 14-19 жас аралығында-40,2%, 22-23 аралығында –

24,7%, 24 жастан бастап жоғары-21,6%. Сонымен қатар, ер адамдарда достықтың бағасы (32,2%) әйелдерге қарағанда (21,9%) басым келеді.

Корреляциялық талдау достықтың құндылық ретінде бағалануына жастардың жұмысының да әсер ететіндігін көрсетіп отыр. Жастардың әлеуметтік белсенділігі неғұрлым жоғары болса, достықтың бағасының соғұрлым басым екендігі байқалады. Оқудағы жастардың 35,5% үшін, оқудағы және жұмыс жасайтын жастардың 28,6% үшін достықтың маңызды екендігін көреміз, ал оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар арасында бұл көрсеткіш 15% ғана тең. Бұл көрсеткіш мектеп оқушылары арасында басым 44,3%, студенттер (23,9%) мен дипломы бар мамандар арасындағы көрсеткішпен (20,9%) салыстырғанда.

Байқағанымыздай, мектеп жасындағыларда психологиялық тұрғыда референтті топта болып, оған еліктеу маңызды. Осындай референтті топ ретінде мектеп ортасында өзімен жасты достар саналады, олардың ұстанатын нормалары мен құндылықтарына еліктеу байқалады.

Заманауи қазақстандық жастардың құндылықтарының бестігін қызметтік мансап тұйықтап отыр (18,5%). Жас ерекшеліктері бойынша біз қызметтік мансаптың орта жастағы жастар үшін маңызды екендігін көреміз (19-23 жас аралығындағылар үшін). Осы жастағы топ өкілдерінің 22,4% таңдау жасаған, ал жас топтар арасында бұл көрсеткіш (14-18 жас аралығындағылар) 15,8% тең, ересек топта – 17,1%. Мұны орта жастағы топ өкілдерінің осы кезде колледжді немесе ЖОО аяқтап, жұмыспен қамтылу мәселесімен кездесетіндіктерімен түсіндіруге болады.

Айырмашылық респонденттердің жыныстық ерекшеліктері бойынша да байқалады, ер азаматтар үшін қызметтік мансаптың маңыздылығы (20,3%) әйел адамдарға қарағанда басым (16,7%).

Корреляциялық талдау қызметтік мансаптың маңыздылығының этникалық ерекшелікке де байланысты екендігін көрсетіп отыр. Қызметтік мансаптың құндылық ретінде маңыздылығы қазақтар (19%) мен орыстар (18,2%) арасында жоғары, ал басқа ұлт өкілдері үшін (аталған екі ұлттан басқа) қызметтік мансаптың құндылық ретінде маңызы төмендеу (15,3%).

Алтыншы орынды құндылық ретінде қызықты жұмыс алды (16,1%), жетіншісі – тәуелсіздік пен дербес бостандық болса (14,7), сегізінші орында – басқа адамдарға пайдалы болу мүмкіндігі (7,5%), ал тоғызыншы орында – шығармашылық, дарынды шыңдау мүмкіндігі (6,2%) құндылық деп танылса, келесі кезекте нағыз махаббат (4,7%), атақ пен танымалдылық (2,7%) және билік пен басшылық ету мүмкіндігі (2,2%) тұр.

Жалпы жастардың негізгі әлеуметтік-демографиялық санаты бойынша аталған құндылықтарда ерекшеліктер жоқ, тек неғұрлым ауқаттылар арасында тәуелсіздік пен дербес бостандықтың маңызы басым. Егер, қаражаты ас-суына жетпейтіндер арасында бұл құндылықты 7,9% маңызды десе, табысы артқан сайын көрсеткіш те артады, мтаериалдық тапшылық көрмейтіндер арасында 20% жетеді.

Әлеуметтік сауалнама нәтижесіне сай жастар үшін маңызы төмен құндылықтар: мақсатқа жету, рухани байлық және мектептегі оқу үлгірімі (білім), бұл нұсқалар бір пайыздан төмен көрсеткішке ие болды.

Осылайша, әлеуметтік деңгейіне қарамастан, Қазақстан жастары бір-бірімен құндылықты анықтауда ортақ пікірде болып отыр. Құндылықтар бойынша әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер айырмашылығы айтарлықтай емес, ең бастысы, гендерлік тұрғыда достық пен қызметтік мансаптың, жас ерекшелігі бойынша отбасы мен байлықтың аталатындығын көрсетеді, ұлттық ерекшелік бойынша қызметтік мансап маңызды болса, табысының мөлшеріне орай дербес тәуелсіздік маңызды деп бағаланады.

2.2 Елдегі заманауи жастардың өмірге қанағаттануы және көңіл-күйілері


Адамның өз өміріне көңілінің толуы көптеген факторларға байланысты, материалдық игіліктерді, денсаулық жағдайын, қоршаған жақын ортаның болуын және оған сенім арту дәрежесін қоса алғанда. Одан өзге, өмірге қанағаттануына талдау жасауға халықтың басым бөлігіне тән ахуалмен танысу жатады.

Осы зерттеуді жүргізу төңірегінде заманауи қазақстандық жастардың өз өмірлеріне көңілдерінің толатындығының сапалық сипаттамаларын анықтау көзделген жоқ. Саулнаманың: «Өз өміріңізге қазір көңіліңіз тола ма әлде толмай ма?» сұрағы ең алдымен Қазақстан жастарының өз өмірін қалай қабылдайтындығын анықтау мақсатында, екіншіден, респонденттердің сауалнама жүргізу барысында қандай психологиялық күйде болғандығын анықтау мақсатында қойылды.

Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша ел жастарының 89% жуығының өз өміріне көңілдері толады. Бұл санатқа біз өз өміріне толық қанағаттанатындарды (51,6%) және қанағаттанатын шығармын дегендерді (37,5%) қостық (1-диаграмма).

1-диаграмма


«Өз өміріңізге қазір көңіліңіз тола ма, әлде толмай ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жасқа байланысты жіктелген топтамалар бойынша аталған сұрақтың жауаптарын қарастырсақ, толық қанағаттанатын жастардың саны есейген сайын кемитіндігін көреміз. Мәселен, өз өміріне толық көңілі толатындар саны 14 -19 жас аралығындағы топтамада 61,3%, 20-23 жас үшін бұл көрсеткіш - 50,3%, ал 24-29 жас аралығындағы ересек топта 47,3% құрайды. Сәйкесінше, есейген сайын «қанағаттанбайтын шығармын» және «толық қанағаттанбаймын» нұсқасын таңдаушылар саны артады (2-диаграмма).

2-диаграмма

«Өз өміріңізге қазір көңіліңіз тола ма, әлде толмай ма?» сұрағына алынған жауаптар, жас ерекшеліктері бойынша (% өрнектелген)



Өз өміріне көңілі толатындар арасында қазақтардың саны басым («толық қанағаттанамын» және «қанағаттанатын шығармын» нұсқалары бойынша 89,6%), орыс ұлты өкілдерінің арасында бұл көрсеткіш 87% құрайды.

Жұмыспен қамтылуына қатысты белгілерге сәйкес біз өз өміріне көңілі толатын жастардың аз бөлігінің оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар екендігін аңғарамыз. Сәйкесінше, олардың арасында белгілі себептерге байланысты өмірлеріне көңілі толмайтындар саны басым (жалпы алғанда 23,3% көрсеткіш жұмыс істейтін және оқитын жастардың 5% көрсеткіші мен жұмыс істейтін жастардың 11% көрсеткішіне қарсы). Бұл жұмыс басты болудың, өз бетінше табыс табу мүмкіндігіне ие болудың өмірге қанағаттану деңгейін арттыратын көрсеткіш екендігін білдіреді, ал мұндай мүмкіндіктің болмауы – өміріне көңілі толмаудың және қоғамда адамның өзін кем санауының басты себебі болып табылады (3-кесте).

«Өз өміріңізге қазір көңіліңіз тола ма, әлде толмай ма?» сұрағына алынған жауаптардың бөлінуі, жұмыспен қамтылу бойынша (% өрнектелген)

	Толық қанағаттанамын	Қанағаттанатын шығармын	Қанағаттанатын шығармын	Толық қанағаттанамын	Жауап бере алмаймын
Оқимын	58,9	34,7	4,9	0,7	0,9
Оқимын және жұмыс істеймін	60,5	31,1	5,0	-	3,4
Жұмыс істеймін	47,8	40,1	10,0	1,1	1,1
Оқымаймын және жұмыс істемеймін, жұмыс іздеп жүрген жоқпын	48,9	38,3	7,8	4,3	0,7
Оқымаймын және жұмыс істемеймін, бірақ жұмыс іздеп жүрмін	35,8	40,3	17,0	6,3	0,6

Респонденттердің табысы артқан сайын өміріне көңілдері толу көрсеткішінің арту тенденциясы байқалады. Табысы ас-суына жетпейтіндер арасында өміріне көңілі толатындар саны 78,9% құраса, материалдық тапшылық көрмейтіндер, қажет болса пәтер де, саяжай да сатып алуға мүмкіндігі барлар арасында бұл көрсеткіш 100% жетеді (4-кесте).

«Өз өміріңізге қазір көңіліңіз тола ма, әлде толмай ма?» сұрағына алынған жауаптардың бөлінуі, табыс бойынша (% өрнектелген)

	Толық қанағаттанамын	Қанағаттанатын шығармын	Қанағаттанатын шығармын	Толық қанағаттанамын	Жауап бере алмаймын
Біздің ас-суымызға да ақша жетпейді	55,3	23,7	18,4	-	2,6
Ақшамыз ең қажетті, оларсыз өмір сүруге болмайтын қажеттіліктерге ғана жетеді (азық-түлік)	43,3	35,7	14,8	4,3	1,9
Ақшамыз азық-түлікке және ең маңызды шығындарды жабуға ғана жетеді, киім-кешек пен ұсақ тұрмыстық техника	45,1	44,2	8,6	1,0	1,0
Ақшамыз ең маңызды қажеттіліктерге, киім-кешек пен ірі тұрмыстық техникаға жетеді, бірақ біз жаңа көлік сатып ала алмаймыз	57,6	37,7	3,7	0,5	0,5
Ақшамыз жылжымайтын мүліктен басқасына жетеді (саяжай немесе пәтер)	70,4	24,3	4,7	-	0,6
Материалдық тапшылық көрмейміз. Қажет болса пәтер де, саяжай да сатып алуымызға болады	85,7	14,3	-	-	-

Егер осы сұраққа алынған жауаптардың аймақтық көрсеткіштер бойынша қарастыратын болсақ, өз өміріне астаналық жастардың көңілдері толатындықтарын (қанағаттанатындардың 94,1%) байқаймыз, содан соң Ақмола облысының жастары (93,7%) және Алматы қаласының жастары (92,4%). Ал қанағаттанбайтындардың басым көпшілігі (жауаптың «қанағаттанбайтын шығармын» және «толық қанағаттанбаймын» нұсқалары бойынша) – Қызылордада (20,2%), Шығыс Қазақстан облысында (14,6%) және Солтүстік Қазақстан облсында (14,5%) екендігін көреміз.

Осылайша, заманауи Қазақстан жастарының көпшілігінің өз өмірлеріне көңілдерінің толатындығын аңғарамыз. Оның үстіне өз өміріне қанағаттанатындар мен көңілі толатындардың басым көпшілігі бұл жасы кіші топтама, олар қазіргі уақытта оқиды және жұмыс істейді, бастысы екі астанада (Астанда және Алматыда), болмаса оған жақын жерде (Ақмола облысында) тұрады. Ал өміріне қанағаттанбайтындар көбіне жасы есейген топтамада кездеседі (24-29 жас аралығындағылар), олар материалдық тапшылық көреді, уақытша немесе үнемі оқуда емес және жұмыс жасамайды, басым көпшілігі Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында тұрады.

Бүгінгі таңдағы қазақстандық жастардың ахуалының басым сипатын айтар болсақ, олардың өзін белсенді деп санайтындықтарын көруге болады, сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (54,7%) белсенді болуды басты көрсеткіш деп таңдаған. Екінші орында оптимизм (сауалнамаға қатысқан жастардың 37,4% таңдады), үшінші орында – қайырымды болу (28,8%) көрсеткіштері тұр. Ахуалдың аталған үш сипатын талдай келе олардың барлығының позитивті екендігін байқаймыз, бұл қазақстандық жастардың жалпы алғанда болашаққа оптимистік көзқараспен қарайтындығын, ең бастысы жарқын болашаққа сенетіндігін білдіреді. Мұның жастыққа, ата-ана тарапынан демеудің болуына, қоғамда кездесетін қиыншылықтармен бейтаныстыққа байланысты болуы мүмкін. Дегенмен, бүгінгі таңда Қазақстан жастары үшін барлық жағдай жасалған, соның ішінде білім алу үшін берілетін кепілдіктер, жұмысқа тұру барысында көрсетілетін мемлекеттік көмек, тұлғаның жан-жақты дамуына берілетін мүмкіндіктер бар (3-диаграмма).

«Сіз қалай ойлайсыз, қазақстандық жастарда бүгінгі таңда қандай көңіл - күй (сезім) басым?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жиілігі бойынша төртінші орында (23,6%) қуаныш түр, бесінші орында-сабырлылық (16%), алтыншысы– жайлылық (15,9%). Соңғы үш көрсеткіштің «позитивті» жағдай үштігін толықтыратындығын байқаймыз, бастапқы алты нұсқаның жалпы көрсеткіші бойынша көңіл-күйдің басым сипаты болып отыр.

Кері ретпен кезекте «негативті» топтамаға жатқызуға болатын көрсеткіштер түр, жалпы қатарда жетінші орыннан бастап он екінші орынға дейін жайғасқан. Кему ретімен алатын болсақ, аталған көңіл-күй көрсеткіштері мынадай: алаң (14%), қаталдық (11,4%), сылбырлық (11,4%), шаршау (9,7%), көңілі қалу (9,8%), ашыну (7,3%).

Корреляциялық талдау респонденттер жасы есейген сайын дүниетанымдағы «позитивтік» көрсеткішінің төмендеп, «негативті» көрсеткіштердің артатындығын аңғартып отыр. Заманауи қазақстандық жастар арасында оптимизм сияқты ахуал көрсеткіші 14-18 жас аралығындағы топтамада 41,3%, содан соң көрсеткіштің біртіндеп кемитіндігін көреміз, жастардың орташа топтамасында, демек 19-23 жас аралығындағыларда 37,3% және ересек топта минималды көрсеткішке (35,3%) жетеді. Осындай тенденция қуаныш сезіміне де қатысты – сәйкесінше жастардың үш топтамасы бойынша 30,4%, 22,9% және 20,4%. Осыған қоса ашыну сезімінің жас топтамадан ересек топтамаға қарай өсу тенденциясын көреміз, 14-19 жас аралығындағы топтамада 4,8% жағдайда аталған болса, 20-23 жас аралығындағылар 7,5%, 24 жастан асқандар арасында 8,4% жағдайда таңдалған. Бұл жасы есейген сайын адамның көптеген күрделі мәселелерге жиі кездесуіне, өз мойнына жауапкершілікті алуына байланысты болады, осындай жағдайлар оның өмірге деген көзқарасын неғұрлым шынайы етеді.

Ал егер жастардың көңіл-күйіне өңірлік жіктелім бойынша талдау жасайтын болсақ, ең белсенді жастардың Астанада (74,3%) және Ақтөбе облысында (69,3%) екендігін көреміз. Астаналық көрсеткішті түсіндіру оңай, астанамызға еліміздің түкпір-түкпірінен жастар ағылып келеді, басқа өңірден келген жастарға білім алу мен жұмысқа тұру мүмкіндіктері қарастырылған. Келіп жатқандардың көпшілігі әлеуметтік белсенділігімен ерекшеленеді, бұл жас ерекшелігіне де (астанаға келіп жатқандардың басым көпшілігі - жастар), жаңа ортаға бейімделуге ниеттілігіне де байланысты.

Сол аймақтар (Астана мен Ақтөбе облысы) жастарға тән көңіл-күйдің оптимизм екендігін көрсетіп отыр (сәйкесінше, 66,% және 50,5%). Аздаған оптимизм (21,3%) Жамбыл облысы жастарына тән (осы өңірде белсенділік деңгейінің де төмендігі анықталды).

Егер «негативті» жағдай туралы айтар болсақ, жастардың пікірі бойынша «алаңдаушылық» Алматы қаласының жастарына тән (26,9% жағдайда) және Батыс Қазақстан жастарына тән (26,8%).

Қаталдықты көбінесе Павлодар облысы (28,2%) және Батыс Қазақстан облысы жастары (21,1%) айтады, ашыну - Павлодар жастары арасында (17,9%) болса, бұл көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысы жастарында (1,8%) және Ақмола облысы жастары арасында біршама төмен (2,5%).

Ашыну мен шаршау сезімдері бойынша көрсеткіштердің Павлодар облысы жастары арасында басым екендігін көреміз (25,6% және 32,1%, сәйкесінше), минималды көрсеткіш – Астана қаласында және Ақмола облысында байқалады (екі көрсеткіш бойынша 1% жуық).

Жалпы негативті сипаттың (алаң, қаталдық, ашыну, көңіл қалу және шаршау) астаналықтарға, Ақмола және Ақтөбе жастарына тән еместігін көреміз. Неғұрлым «дағдарыстағы» өңір жастар арасында жоғарыда аталған «негативті» көңіл-күйлердің таралуы бойынша Павлодар облысы мен Батыс Қазақстан облысы болып отыр.

Ұлттық топтама бойынша жастардың көңіл-күйлеріне жасалған талдау басқа ұлт өкілдеріне қарағанда қазақтарға позитивті көрсеткіштердің жақын екендігін көрсетті, олардың арасында оптимизм, жайлылық, қуаныш, сабырлылық сияқты жағдай көрсеткіштері басқа ұлт топтамаларымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Қаталдық, ашыну, көңіл қалу мен сылбырлық сияқты жағымсыз көңіл-күйлер басқа ұлт өкілдерінде (қазақтар мен орыстардан басқа) жиі кездесті (5-кесте).

«Сіз қалай ойлайсыз, қазақстандық жастарда бүгінгі таңда қандай көңіл-күй (сезім) басым?» сұрағына алынған жауаптардың бөлінуі, ұлттық белгі бойынша (% өрнектелген)

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлттар
Қоғамдағы жағдай мен құбылыстарға байланысты	20,8	22,4	17,7
Өзіңіздің мақсатқа ұмтылуыңыз бен белсенділігіңізге байланысты	53,4	51,9	52,2
Өмір сүруге жасалған жағдай мен өз күшіңізге тең байланысты	23,1	23,9	28,1
Көптеген жағдайда Алланың қалауына байланысты (демек, табынуға)	0,2	0,0	0,0
Ата-анаға, отбасына байланысты	0,4	0,0	0,0
Жауап бере алмаймын	2,2	1,7	2,0

2.3 Жастардың елдегі өзгерістерді қабылдауы

Әлеуметтік зерттеу барысында жас респонденттерге өз көзқарастары бойынша соңғы жылы жастар үшін қандай жағымды өзгерістің болғандығын атау ұсынылды. Әлеуметтік өзгерістердің қабылдануы көптеген факторларға байланысты, жастарды сондай өзгерістер туралы ақпараттандыруды, жастардың жоғарыда аталған көңіл-күйлерін талдауды қоса алғанда. Бұл сұрақтың тек жағымды өзгерістерге қатысты болғандығын атап айту керек.

Алынған деректерге сай сауалнамаға қатысқан жастардың жалпы санының төрттен бір бөлігінен аз асатын бөлігі (26,9%) соңғы жылы жастар үшін жағымды болып саналатын өзгеріс ретінде қызықты сауықтыру және мәдени шаралардың артуын атады (6-кесте).

«Сіздің пікіріңіз бойынша соңғы жылда жастар үшін қандай жағымды өзгерістер орын алды?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Қызықты сауықтыру және мәдени шаралары артты	26,9
Жаңа спорттық және мәдени-сауық орталықтары мен ғимараттары пайда болды	23,8
Мүмкіндіктеріміз туралы ақпараттар көбейді	21,2
Соңғы жылда жағымды өзгеріс болған жоқ/жауап бере алмаймын	17,0
Салауатты және белсенді өмір салтын насихаттайтын әлеуметтік жарнамалар көбейді	16,5
Білім алу мен қарым-қатынас жасаудың жаңа түрлері пайда болды (жастар лагері, форумдар және т.б.)	15,5
Елдің үздік ЖОО түсу мүмкіндіктері артты	14,6
Жастарға арналған қоғамдық ұйымдар мен жобалар көбейді	11,8
Мектеп оқушыларының кәсіп таңдау мүмкіндігі пайда болды	10,4

Осындай өзгерістерді негізінен Атырау (52,9%), Ақтөбе (46,5%) және Қарағанды (40,3%) облыстарының жастары белгіледі. Қазақстан қалаларының

тұрғындары ауылды жердің жастарына қарағанда жиі атады (30,2% көрсеткіш және 22,4% көрсеткіш).

Екінші орында жастар үшін маңыздылығы және аталу жиілігі бойынша жаңа спорттық және мәдени-сауық орталықтарының ашылуы (23,8%) болды. Бұл өзгерісті көбінесе Атырау (36,8%) және Қызылорда облысы жастары (30,3%) атады.

Үшінші орында жастардың мүмкіндіктері туралы мәліметтің артуы болды – 21,2% осы өзгерісті соңғы жылда орын алған жағымды өзгеріс деп санайды. Төртінші орында салауатты және белсенді өмір салтын насихаттайтын әлеуметтік жарнамалардың көбеюі (16,5%) болса, бесінші орында – білім алу мен қарым-қатынас жасаудың жаңа түрлерінің, демек, жастар лагерінің, форумдарының ашылуы аталды (15,5%). Жауаптың соңғы нұсқасын негізінен респонденттердің жас тобы таңдады (14-18 жас аралығындағылар), ал ересек топта оның көрсеткіші төмендей болды (21,5%, 15,6% және 12,2%, сәйкесінше).

Жоғарыда аталғандардан басқа жастар үшін маңызды өзгерістер мыналар болды: елдің үздік ЖОО түсу мүмкіндіктерінің артуы (14,6%), жастарға арналған қоғамдық ұйымдар мен жобалардың санының артуы (11,8%), мектеп оқушыларының кәсіп таңдау мүмкіндіктерінің пайда болуы (10,4%).

Ауылдық жастар үшін маңызды өзгерістер мыналар болып отыр: жастармен жұмыс жасайтын мемлекеттік мекемелер мен мамандардың белсенділігінің артуы, сонымен қоса жастардың жұмыспен қамтылуын қолдайтын мемлекеттік бағдарламаның пайда болуы (жұмыссыздарға көрсетілетін жәрдем де бар).


Сауалнамаға қатысқандардың 17% жуығының соңғы жылда орын алған жағымды өзгерісті атай алмағандығына назар аудару керек. Мұндай жауапты таңдау себебін анықтау қиын, мұның бейтарап пікір болуы да мүмкін (ештеңе өзгерген жоқ), кері пікір де болуы мүмкін (жағымды өзгерістер жоқ, тек жағымсыз өзгерістер орын алды).

Жалпы алғанда жастар үшін Қазақстанда соңғы жылы орын алған негізгі жағымды өзгерістің жастарда бос уақытты тиімді өткізу үшін пайда болған мүмкіндік екендігін аңғарамыз, соның ішінде түрлі курстардың, спорттық шаралардың ұйымдастырылуы, тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіндіктің жасалуы және қарым-қатынастың жаңа түрлерінің пайда болуы бар.

Сауалнама барысында өз өмірлерінде болып жатқан өзгерістерді бағалау мақсатында «Қалай ойлайсыз, өмір қауіпсіздеу болып келе ме, әлде қауіп артып келе ме?» сұрағы қойылды.

Жастардың төрттен бір бөлігі (25%) өмір сүру қауіпінің артып келе жатқандығын айтса, 32,3% қауіпсізденуде деп көрсетті. **Жастардың жартысынан көбінің (жауаптың аталған екі нұсқасы бойынша) уақыт өткен сайын өмір сүру қауіпсізденіп келеді деп санайтындығын көреміз.** Іс жүзінде жастардың 37% өмірінің қауіпсіздігі сияқты құбылыс жақын, жастардың 27,3% қауіпсіз деп санауға болатынын айтты, 10,1% қауіпсіз екендігіне көз жеткізген (4-диаграмма).

«Қалай ойлайсыз, өмір қауіпсіздеу болып келе ме, әлде қауіп артып келе ме?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Осы сұраққа алынған жауаптардың өңірлер бойынша жіктелуі өз өмірінің қауіпсіздігінің артқандығын жоғары бағалайтын жастардың (жауаптардың «неғұрлым қауіпсіз» және «неғұрлым қауіпсіз шығар» нұсқалары бойынша) көп бөлігі Астанада (87,1%) және Атырау облысында (76,5%) тұратынын көрсетті. Ал өмір қауіптірек деп санайтындар («неғұрлым қауіпті» және «неғұрлым қауіпті шығар» нұсқалары бойынша) Жамбыл (61,5%), Ақмола (59,5%) және Маңғыстау облыстарында (54,8%).

2.4 Жастардың өз өміріндегі өзгерістерге қатысты ұстанымдары


Қазіргі уақыттағы қазақстандық жастардың ахуалына жасалған талдау және оларға түрлі өзгерістер тарапынан берілген баға бойынша жастардың өз өмірін өзгертуге дайындықтары да ескерілді. Біз жастар өз өмірін күрт өзгертуге қаншалықты құлшынатаын болса, өзінің қазіргі өмірінің сапасына қанағаттанбау деңгейінің соншалықты төмен болуы керек деген гипотезаға сүйендік. Әлеуметтік зерттеу барысында өміріне екі өзгеріс енгізуге дайындығы туралы әңгімелеу ұсынылды: басқа жерге көшу мен наразылық шерулеріне қатысуға дайын болу.

Жастардың басқа жерге көшуге дайындығы және оны қалайтындықтары үш бағыт бойынша анықталды: өзі тұратын облыс бойынша басқа елді мекенге көшу, Қазақстанның басқа қаласына көшу және басқа елге көшу (эмиграция).

Алынған деректер бойынша сауалнамаға қатысқан жастардың 63,1% көшуге дайын емес (ол туралы айтқан жоқ). Бұл жастардың басым бөлігінің өз өміріне көңілдерінің толатындығын білдіруі ықтимал. Көшуге дайын болмау көшкісі келмейді деп бағаланбайды, жастардың мұндай мүмкіндігінің болмауына байланысты таңдалған жауап болуы мүмкін (5-диаграмма).

5-диаграмма

«Қазір тұрып жатқан тұрғылықты жеріңізден кеткіңіз келе ме?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жастардың 34,7% көшкісі келетіндіктерін айтты. Көшуге ниетті жастарының саны бойынша «үздіктер» Қарағанды облысы (57,7%), Қостанай облысы (50%) және Павлодар облысы (44,9%). Ал өзі тұрып жатқан облыс ішінде басқа жерге көшкісі келетіндер Қарағанды облысының (21,5%) жастарына тән, ал Қазақстанның басқа өңіріне көшкісі келетіндер Жамбыл облысының (19,7%) және Оңтүстік Қазақстан облысының (18,5%) жастары, басқа елге кеткісі келетіндер Қостанай (40,6%) және Солтүстік Қазақстан (29,1%) облыстарының жастары (7-кесте).

«Қазір тұрып жатқан тұрғылықты жеріңізден көшкіңіз келе ме?» сұрағына алынған жауаптар, облыстар бойынша (% өрнектелген)

Қазақстан Республикасы	Қазақстанның өзі тұрып жатқан облысының ішінде басқа жерге көшкісі келеді	Қазақстанның басқа өңіріне көшкісі келеді	Басқа елге көшкісі келеді	Басқа жерге көшкім келмейді	Жауап бере алмаймын
Ақмола облысы	16,5	8,9	11,4	62,0	1,3
Ақтөбе облысы	10,9	7,9	14,9	66,3	0,0
Алматы облысы	14,2	9,0	5,2	68,7	2,8
Атырау облысы	16,2	7,4	8,8	57,4	10,3
Батыс Қазақстан облысы	4,2	12,5	15,3	65,3	2,8
Жамбыл облысы	3,3	19,7	13,9	63,1	0,0
Қарағанды облысы	4,2	7,0	22,5	60,6	5,6
Қостанай облысы	21,5	12,1	24,2	40,9	1,3
Қызылорда облысы	5,2	4,2	40,6	50,0	0,0
Маңғыстау облысы	2,2	11,2	9,0	76,4	1,1
Оңтүстік Қазақстан облысы	0,0	6,8	1,4	89,0	2,7
Павлодар облысы	10,3	17,9	16,7	47,4	7,7
Солтүстік Қазақстан облысы	0,0	5,5	29,1	60,0	5,5
Шығыс Қазақстан облысы	11,5	18,5	9,1	60,3	0,6
Астана қаласы	2,0	1,0	6,9	87,1	3,0
Алматы қаласы	8,1	6,7	19,7	63,7	1,8

Маңғыстау облысының жастары (сауалнамаға қатысқандардың 8,2% ғана көшу туралы ойланады) мен Астана жастары (9,9%) көшу бойынша төмен көрсеткіш берді.

Егер, көрсеткіштерді ұлттық жіктелімде қарастырсақ, өзгерістердің ерекшеленетіндігін байқаймыз, дегенмен, олар басым көрсеткіш емес. Мәліметтерге сәйкес ең алдымен орыс халқының өкілдері көшуге дайын (43,1%), одан кейінгі орында (қазақтар мен орыстардан басқа) басқа ұлт өкілдері - (36,5%). Қазақтар арасында жастардың 32% көшкісі келеді.

Қазақтар үшін ең басты көрсеткіш Қазақстанның басқа өңіріне көшу (11,8%), орыс халқының өкілдері мен өзге ұлт өкілдерінің жастары үшін басқа елге қоныс аудару - (27,9% және 17,7%, сәйкесінше). Біз орыс ұлты жастарының ширек бөлігінің басқа елге қоныс аударғысы келетіндігін көріп отырмыз. Жастардың бұл бөлігінің өз өмірлеріне көңілдерінің толмауы мүмкін, олардың тек эмиграция арқылы ғана шешілетін мәселелерінің болуы ықтимал (8-кесте).

«Қазір тұрып жатқан тұрғылықты жеріңізден көшкіңіз келе ме?» сұрағына алынған жауаптар, ұлттық ерекшелік бойынша (% өрнектелген)

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Қазақстанның өзі тұрып жатқан облысының ішінде басқа жерге көшкісі келеді	10,0	7,7	6,9
Қазақстанның басқа өңіріне көшкісі келеді	11,8	7,5	11,8
Басқа елге көшкісі келеді	10,2	27,9	17,7
Басқа жерге көшкім келмейді	66,3	53,6	59,6
Жауап бере алмаймын	1,7	3,2	3,9

Соған қоса корреляциялық талдау көшу (кету) ниеті мен табыс деңгейінің тығыз байланыста екендігін көрсетіп отыр. **Көшкісі келетіндер (көшудің аталған үш түрі бойынша) көбіне өз сөздері бойынша табысы азығына ғана жететін жастар (47,4%). Қаржылық жағдайы неғұрлым жақсы жастар арасында көшуге дайындары 30-38% құрады.**

Көшудің басты себебі ретінде өздері және/немесе балалары үшін даму перспективаларының жоқтығы аталды, жауаптың осы нұсқасын 30,8% таңдаған. Екінші орында жеке себептер (25,7%), «үздік үштік» соңында басқа қалада/елде білім алу (20,3%) тұр. Әрі қарай кему реті бойынша көшу себептерінің мына түрлері тұр: өзі тұрып жатқан елді мекенде жұмыстың болмауы (20,2%), нашар экология (17,8%), өзінің ұлтының (халқының) өкілдері үшін мүмкіндіктердің жоқтығы (14%), елді мекендегі нашар инфрақұрылым, мектептің/аурухананың/жолдың/балабақшалардың кемшілігі (8,3%), «тарихи отанға» оралу (7,1%), тұрған жерінің аудан/облыс орталығынан алыстығы (6,9%) және тұрып жатқан елді мекендегі қылмыстың өршуі (5,8%) (9-кесте).

«Сіздің не себепті көшкіңіз келеді?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Өздері және/немесе балалары үшін даму перспективаларының жоқтығы	30,8
Жеке себептер	25,7
Басқа қалада/елде білім алу	20,3
Өзі тұрып жатқан елді мекенде жұмыстың болмауы	20,3
Нашар экология	17,8
Өзінің ұлтының (халқының) өкілдері үшін мүмкіндіктердің жоқтығы	14,0
Елді мекендегі нашар инфрақұрылым, мектептің/аурухананың/жолдың/балабақшалардың кемшілігі	8,3
«Тарихи отанға» оралу	7,1
Тұрған жерінің аудан/облыс орталығынан алыстығы	6,9
Елді мекендегі қылмыстың өршуі	5,8

Жас бойынша жіктелгенде алынған мәліметтер бойынша көшудің жастардың жас ерекшеліктеріне байланысты екендігін көреміз. Жасы 14-18 аралығындағы топтама үшін көшу себебі басқа елде/қалада білім алу (39%) болса, елді мекендегі нашар инфрақұрылым, мектептің/ аурухананың/ жолдың/балабақшалардың кемшілігі (10,4%) және тұрған жерінің аудан/ облыс орталығынан алыстығы (7,7%) болды (10-кесте).

10-кесте

«Сіздің не себепті көшкіңіз келеді?» сұрағына алынған жауаптар, жас ерекшелігі бойынша (% өрнектелген)

	14-18 жас аралығы	19-23 жас аралығы	24-29 жас аралығы
Өзі тұрып жатқан елді мекенде жұмыстың болмауы	10,4	20,8	25,6
Тұрған жерінің аудан/облыс орталығынан алыстығы	7,7	6,6	6,7
Елді мекендегі нашар инфрақұрылым, мектептің/аурухананың/жолдың/балабақшалардың кемшілігі	10,4	8,0	7,4
Өзінің ұлтының (халқының) өкілдері үшін мүмкіндіктердің жоқтығы	12,1	15,9	13,8
Өздері және/немесе балалары үшін даму перспективаларының жоқтығы	23,1	34,5	32,7
Нашар экология	19,8	21,7	13,8
Елді мекендегі қылмыстың өршуі	7,7	5,3	5,1
«Тарихи отанға» оралу	8,2	8,4	5,4
Басқа қалада/елде білім алу	39,0	18,6	10,6
Жеке себептер	28,0	24,3	25,3

Жас орташа топтама үшін қоныс аударудың негізгі себебі (19-23 жас): өздері және/немесе балалары үшін даму перспективаларының жоқтығы (34,5%), нашар экология (21,7%) және өзінің ұлтының (халқының) өкілдері үшін мүмкіндіктердің жоқтығы-15,9%. Ересек топ бойынша алдыңғы екі топқа қарғанда көшу себебі ретінде өзі тұрып жатқан жерде жұмыстың болмауы аталды (25,6%).

Осы фрагменттің басында қарастырылған себептердің «үздік үштігі» барлық ұлт өкілдеріне тән, көрсеткіштері де тең. Қазақтар үшін көшудің төртінші орынды себебі өзі тұратын жерде жұмыстың болмауы немесе басқа жердегі жұмыстың болуы аталды. Орыстар мен басқа ұлт өкілдерінің жастары үшін маңыздылығы бойынша төртінші себеп өзінің ұлтының (халқының) келешегінің болмауы аталды (11-кесте).


«Сіздің не себепті көшкіңіз келеді?» сұрағына алынған жауаптар, ұлттық ерекшелік бойынша (% өрнектелген)

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілдері
Өзі тұрып жатқан елді мекенде жұмыстың болмауы	22,7	17,0	13,9
Тұрған жерінің аудан/облыс орталығынан алыстығы	8,7	3,8	3,8
Елді мекендегі нашар инфрақұрылым, мектептің/аурухананың/жолдың/балабақшалардың кемшілігі	9,8	5,5	6,3
Өзінің ұлтының (халқының) өкілдері үшін мүмкіндіктердің жоқтығы	11,8	19,2	15,2
Өздері және/немесе балалары үшін даму келешегінің жоқтығы	30,7	30,2	32,9
Нашар экология	19,6	15,4	12,7
Елді мекендегі қылмыстың өршуі	6,3	3,8	7,6
«Тарихи отанға» оралу	6,5	4,9	15,2
Басқа қалада/елде білім алу	20,7	21,4	15,2
Жеке себептер	24,6	29,7	22,8

Осылайша, қазіргі қазақстандық жастардың көшуге ниеттіліктерін талдай келе, олардың көпшілігінің өз өмірлеріне көңілдерінің толатындығын және көшуге (ел ішінде де, ел сыртына да) құштар еместігін көреміз. Дегенмен, **көшуге ниеттіліктің еліміздің жекелеген өңірлерінің жастарының арасында жоғары екендігін атап айту керек, мысалы: Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан (іштей қоныс аудару) және Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысы (сыртқа қоныс аудару). Көшуге ниеттіліктің ұлттық ерекшелікке байланысты болуы ықтимал.**

Жастардың өз өмірін өзгертуге дайындығын талдау барысында олардың тұрғылықты жерінде болуы ықтимал наразылық шерулерге қатысты көзқарастары да ескерілді. Жастардың басым көпшілігі мұндай қауіп жоқ деп санайды («болмайтын шығар» және «мүлде болмайды» жауаптары бойынша көрсеткіш 69,8%) (6-диаграмма).

«Сіз қалай ойлайсыз, Сіз тұратын жерде (елді мекенде) наразылық шеруінің болу қауіпі бар ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Алынған мәліметтердің аймақтық талдауы наразылық шерулерінің болу қауіпі төмен екендігін көрсетті (сол өңірдің жастарының пікірі бойынша): Павлодар облысында («мүлде мүмкін емес» және «мүмкін емес шығар» жауаптары бойынша 91%), Қостанай облысында (89,6%) және Астанада (81,2%). Жастардың пікірі бойынша болуы мүмкін деген көрсеткіштер мынадай: Атырау облысы («мүмкін шығар» және «әрине, мүмкін» жауаптары бойынша 52,9%), Ақмола (36,7%) және Маңғыстау (35,6%) облысы.

Тарау бойынша қорытындылар:

1. Қазіргі заман жастарының санасындағы ең маңызды құндылық отбасылық бақыт болып табылады, оның маңыздылығы есейген сайын арта түсуде. Заманауи қазақстандық жастардың маңызды құндылықтарының бестігіне (отбасылық құндылықтан өзге) мыналар жатады: денсаулық, материалдық қамтамасыздану мен байлық, достық және қызметтік мансап.

2. Еліміздің жастарының басым көпшілігі өз өмірлеріне риза, көңілдерінің толу көрсеткіштері жастары есейген сайын төмендейді. Респонденттердің табысы артқан сайын өз өміріне көңілінің толу көрсеткішінің өсу тенденциясы байқалады. Астананың, Ақмола облысы мен Алматы қаласының жастары өз өмірлеріне қанағаттанады. Ал өз өмірлеріне көңілдері толмайтындардың көрсеткіштері Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында жоғары.

3. Жастар ортасындағы басым көңіл-күй белсенділік, қайырымдылық пен оптимизм. Респонденттер жасы артқан сайын «позитивтік» көрсеткіші төмендеп, дүниетанымдағы «негативтік» көрсеткіш артады. Астана мен Ақтөбе облысы жастары неғұрлым белсенді келсе, жастар арасында тараған ахуал бойынша неғұрлым «дағдарысты» өңір Павлодар облысы мен Батыс Қазақстан облысы болып отыр.

4. Соңғы жылы жастар үшін орын алған жағымды өзгеріс жастардың өздерінің пікірлері бойынша: қызықты сауықтық және мәдени шаралар санының артуы, жаңа спорттық және мәдени-сауық орындарының ашылуы, жастардың мүмкіндіктері туралы ақпараттың артуы.

5. Еліміздің жастары көптеген жағдайда өз өмірлеріне қанағаттанады, көшуге (ел ішінде де, ел сыртына да) ниетті емес. Ал көшуге ниеттілер көрсеткіші орыстар арасында басым. Қазақтарға Қазақстанның басқа өңіріне көшуге ниеттілік тән, орыстар мен басқа ұлт өкілдерінің жастары үшін-басқа елге қоныс аударуға ниеттілік тән. Ал көшудің басты себебі ретінде жастар өздеріне және/немесе балаларына даму перспективасының жоқтығын айтады.

6. Сауалнамаға қатысқан жастардың басым көпшілігі өздері тұратын жерде наразылық шеруінің болу қауіпі жоқ деп санайды. Аздаған ықтималдық (өңірдегі жастардың көзқарастары бойынша) Павлодар, Қостанай облыстарында және Астанада байқалады. Ал ықтималдылықтың жоғарылығы Атырау, Ақмола және Маңғыстау облыстарында анықталды.

Болжам:

Заманауи қазақстандық жастардың санасында қалыптасқан құндылықтар өзгерістерге барынша тұрақты. Жастар үшін ең маңыздысы (басқа жастағы топтар үшін де) отбасы.

Жалпы жастар болашаққа үмітпен қарайды, өз өмірлерінің сапасына қанағаттанады.

Позитивті көзқарас алдағы уақытта сақталады, біріншіден бұл жастарға тән ерекшелік, екіншіден, жастар мен жастар мәселесіне мемлекеттің назар аударуына байланысты.

Болашақта жастардың көшуге қатысты ағымдық жағдайы сақталады. Жастар арасында көшудің басты себебі мыналар болады: білім алу үшін көшу (көбіне астанаға); жұмыс барысымен көшу; шет елде білім алу үшін қоныс аудару. Көшуге қатысты қалыпты жағдай қазақтар арасында бүгінгідей сақталады, ал өзге елге көшу – орыс және басқа ұлт өкілдерінің жастарына тән болады (орыстар мен қазақтарды санамағанда).

Ұсыныстар:

Өңірлерде тұрып жатқан жастардың көпшілігінің сол өңірлердегі кәсіби білім беретін колледждер мен ЖОО туралы білмеуіне байланысты жалпы білім беретін мектеп қабырғасында жастардың мамандық алуына, «өз үйінде» сұранысқа ие біліктілікке ие болуына бағытталған шаралар ұйымдастыру ұсынылады, бұл жастардың көшуін (көбіне астанаға) төмендетіп, жастардың өңірлерде қалуын қамтамасыз ететін болады.

Әр түрлі ұлт өкілдері жастарының көшу себебін түбегейлі анықтауға бағытталған әлеуметтік зерттеу жүргізу ұсынылады, негізінен «көшуге мәжбүрлейтін» факторларды анықтау керек.

III ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Заманауи Қазақстан жастарының негізгі мәселелері (жастардың пікірлері бойынша)

Мәселе.


Зерттеу міндеттерінің бірі-жастарға тұрғылықты жерлерінде кездесетін қиыншылықтарды анықтау (жастардың пікірлері бойынша). Еліміздің жастарының мәселелері төңірегінде атқарылатын жұмыстар ең өзекті жағдайларды аша алады, ал ең маңызды мәселелердің жастар саясаты бағдарламаларында қарастырылуы керек, бұл жастардың мәселелерін шешіп қана қоймай, жастардың өмірге деген құлшыныстарын арттырады.

Нәтижелер.

Нәтижелер ең алдымен Қазақстан жастарын жұмыссыздық толғандыратынын көрсетті, мұны қатысқандардың жартысынан көбі айтты (53,8%). Екінші орында – материалдық тапшылық (жалақы, шәкіртақы төмен және т.б.) - 48,5%. Үшінші кезекте - азық-түлік пен халық тұтынатын тауар бағаларының қымбаттығы (46,7%) (7-диаграмма).

7-диаграмма

«Сіздің елді мекендегі жастардың ең өзекті мәселелерін атап айтыңызшы» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Төртінші орында – жоғары білім алу қиыншылығы (ақысы қымбат және т.б.) – 44,8%, бесінші орында – баспана мәселесі (38,2%), алтыншысы – жастардың мәдени деңгейінің төмендегі, рухани кедейлігі (16,9%), жетіншісі ертеңгі күнге сенімнің жоқтығы (16,1%), одан кейін жастар арасындағы

қылмыстың өршуі (12,7%). Заманауи жастардың аталған өзекті мәселелерінен өзге кемінде 10% ие болған түрлері де бар: нашақорлық, токсикомания мен ішімдікке салыну, темекіге тәуелділік (12,5%), жастардың бос уақытын тиімсіз өткізуі (11,2%), ата-анасымен/ересектермен болатын жанжал, жақындар мен туыстар тарапынан болатын түсініспеушілік (10%).

Нәтижелердің аймақтар бойынша талдауы жоғары білім алу мәселесінің Астана қаласы жастарында көп екендігін анықтады (64,4%), содан кейін Ақтөбе (63,4%) және Батыс Қазақстан облысы жастарында (62%) кездеседі, материалдық тапшылық (жалақының, шәкіртақының төмендігі және т.б.) көбіне Астана қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысы жастарын алаңдатады (сәйкесінше, 77,2% және 70,9%). Азық-түлік пен халық тұтынатын тауарлардың бағасының қымбат екендігін мәселе ретінде астаналық жастар атады - 82,2%, сол сияқты жұмысқа тұру (76,2%) мен баспана мәселесі (69,3%) де өзекті. Денсаулықтың нашарлауы мен жеке өмірлерінің осалдығын Қызылорда облысының (екі жағдайда да 22%) жастары атаса, ата-анамен болатын жанжалды Маңғыстау облысының жастары (30,1%) өзекті деп таниды.

Жамбыл (32%) облысы мен Алматы қаласының жастары ертеңгі күнге деген сенімін жоғалтқан (26%). Мәдениет деңгейі төмен деген көрсеткіш Қостанай және Батыс Қазақстан облысы жастарын алаңдатады (сәйкесінше 35,4 және 23,9%). Жастар арасындағы қылмыстың өршуі Жамбыл (36,1%) және Маңғыстау жастары арасындағы өзекті мәселе (23,3%). Ал жастардың бос уақыттарын тиімді өткізуінің мүмкін еместігі Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының жастарына тән, жағымсыз әдет (нашақорлық, токсикомания мен ішімдікке салыну, темекіге тәуелділік) –Жамбыл облысы жастарына тән, жеке бас қауіпсіздігі Жамбыл және Батыс Қазақстан жастары үшін өзекті мәселе болып отыр.

Жалпы Қазақстан аталған мәселелер жиі кездесетін үш өңірдің бар екендігі анықталды-Жамбыл, Батыс Қазақстан облысы және Астана қаласы.

3.2 Жастардың жұмысқа орналасу саласындағы негізгі қиыншылықтары және жастардың аталған мәселені шешуде мемлекеттен күтетін жәрдемі

Қазақстан жастарының өзекті мәселелеріне жасалған жоғарыдағы талдаудан елдің барлық өңірінде жұмысқа тұру проблемасының көш басында екенін көреміз. Бұл мәселеге мемлекет тарапынан әр түрлі институттар мен құрылымдар атқаратын жұмыс арқылы көңіл бөлінуде.

Осы зерттеу барысында жастарға жұмысқа тұру барысында кездесетін негізгі қиыншылықтарды атау ұсынылды. Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (64,6%) жұмысқа тұру барысында жастар кезіктіретін негізгі қиыншылық ретінде жұмыс өтілінің талап етілуін айтты (жас болған соң жұмыс өтілінің жоқтығы алға тартылды) (12-кесте).

«Сіз қалай ойлайсыз, жастардың жұмысқа тұруы барысында кезіктіретін негізгі қиыншылығы неде?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Жұмыс өтілі талап етіледі	64,6
Мамандық бойынша жұмысқа тұру қиын	33,1
Тамыр-таныс жоқ	34,6
Іскерлік қарым-қатынас дағдысы жоқ, сенімсіздік	15,6
Еңбек нарығы мен жұмыс іздеу амалдары туралы ақпарат жоқ	9,5
Жастарда жұмысқа тұрауда қиыншылық жоқ	2,2
Жемқорлық	0,4
Жалқаулық	0,1
Халық сауатсыз, заңдар түсініксіз және жұмыс жасамайды	0,1
Ұлтшылдық	0,1
Тәлімгерлік	0,1
Жұмыс орындары аз	0,1

Респонденттердің 34,6% жастардың жұмысқа тұру барысында кезіктіретін қиыншылық ретінде тамыр-таныстарының жоқтығын атағандығы қызық. Бұл жастардың бастапқыда, жұмысқа тұрмай жатып ресми үрдістерге емес, таныстар көмегіне жүгінетіндігін білдіреді.

Мәліметтерге өңірлер бойынша жасалған талдау аталған мәселенің көбіне Маңғыстау облысының (65,8%), Қостанай облысының (54,2%), Солтүстік Қазақстан (50,9%) және Жамбыл облысының (50,8%) жастарын алаңдататындығын көрсетті. Бұл мәселе Атырау облысында (4,4%) аз.

Жастар жұмысқа тұру барысында кезіктіретін негізгі мәселе рейтингінің келесі орынын мандық бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші алды (34,6%). Бұл туралы көбінесе сұранысқа ие емес мамандық иелері (өздері тұратын өңір бойынша) немесе жалпылай оқу бітіретін мамандық иелері (заңгерлер, экономистер және басқалар) атап көрсетті.

Төртінші орында іскерлік қарым-қатынас дағдыларының болмауы мен сенімсіздік (15,6%). Елдің басқа өңірлерімен салыстырғанда бұл мәселе Жамбыл (23%) және Оңтүстік Қазақстан облысы (21,5%) жастарында жиі кездеседі.

Жұмысқа орналасу барысында жастар кезіктіретін мәселелердің өзектілік бойынша бесіншісі еңбек нарығы мен жұмыс іздеу туралы ақпараттың тапшылығы (9,5%) тұр. Бұл мәселе Қазақстанның Қостанай (14,6%) және Батыс Қазақстан облысы жастарына тән (14,1%).

Осылайша, жастардың жұмысқа орналасу барысында кездестіретін негізгі қиыншылықтарының ең алдымен жұмыс өтілінің жоқтығына, тамыр-таныстың болмауына байланысты туындайтындығын аңғардық.

Ел жастарының мемлекеттік жастардың жұмыспен қамтылу мәселесін шешуге ат салысу деңгейі мен түрі туралы пікірлерін анықтау мақсатында сауалнама төңірегінде «Сіз қалай ойлайсыз, оқу орындарының түлектерінің жұмысқа орналасуы үшін мемлекеттің қандай шаралар атқаруы керек?» деген

сұрақтар қойылды. Нәтижелер жастардың көпшілігінің мемлекет жоғары оқу орнын бітірген маманды алғашқы жұмыс орнымен қамтамасыз етуге міндетті деп санайтындығын көрсетті, жастардың 46,8% осындай көзқараста.

Қостанай облысының жастары (69,8%) мен Ақтөбе облысының жастары (63,4%) басқа өңірлермен салыстырғанда осы пікірді жиі айтады.

Жас респонденттердің 33,2% мемлекет оқуды бітірген жас маманның қалауы бойынша жұмыс табуына жәрдем беруге міндетті деп санайды. Жастардың бұл бөлігі кеңестік замандағыдай жас амандардың жер-жерге бөлінуінен қорқады, сондықтан мемлекеттің көмегімен жұмысқа орналасу бойынша ерікті түрде жүгіну құқығын таңдайды (13-кесте).

13-кесте

«Сіз қалай ойлайсыз, оқу орындарының түлектерінің жұмысқа орналасуы үшін мемлекеттің қандай шаралар атқаруы керек?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Мемлекет кепілді түрде алғашқы жұмыс орнын беруге міндетті	46,8
Мемлекет оқуды бітірген жас маманның қалауы бойынша жұмыс табуына жәрдем беруге міндетті	33,2
Мемлекет тек мемлекеттік мекемелерден жұмыс беруге міндетті	12,8
Мемлекет жастардың жұмысқа орналасу барысына араласпауға міндетті	3,4
Оқу орындарымен қарым-қатынаста болуға, жастарға мамандық таңдауға көмектесуге және кепілді жұмыс орнын беруге міндетті	0,1
Жауап бере алмаймын	3,8

Кездесу жиілігі бойынша бұл сұрақтың үшінші жауабы – мемлекет тек мемлекеттік мекемеден жұмыс беруге міндетті (12,8%).

Ал мемлекеттің жастардың жұмысқа орналасуына араласпауы керек деген нұсқаны сауалнамаға қатысқандардың тек 3,4% таңдады. Мемлекеттің жастардың жұмысқа орналасуына араласпауы керек деген нұсқаны Астана жастары көп таңдаған, еліміз бойынша сұрақтың осы нұсқасының көрсеткіші 3,4% болса, астанамызда 20,8%. Бұл астаналық жастардың жұмысқа тұру мүмкіндіктерінің көптігін, еңбек нарығының кеңдігін, астаналық жастардың өңірдегі жастармен салыстырғанда білім деңгейінің жоғарылығын білдіреді.

Бұл деректер қазіргі уақытта жастар жұмысқа орналасу барысында үлкен кедергілерге ұшырайды деген қорытынды жасауға негіз бола алады, соған байланысты олар тараптық көмекке мұқтаж. Жоғарыда айтқанымыздай, жастардың басым бөлігі жұмысқа орналасу барысында тамыр-танысқа жүгінеді (достары мен туысқандарының көмегі). Ал жастардың үштен бір бөлігі (жауаптың алғашқы үш нұсқасы бойынша жалпы алғанда 92,7%) мемлекеттің жастарды жұмыспен қамтуға міндетті, кемінде «жас мамандарға» жәрдем беруі керек деп санайды.


3.3 Жастардың Қазақстандағы жастар саясатының басым бағыттары туралы пікірлері

Қазақстан жастарының өзекті мәселелеріне жастардың пікірі бойынша мемлекет тарапынан ерекше назарды талап ететін жастар саясатының бағыттары мен салалары тығыз байланыста. Жастардың мемлекет көмегіне мұқтаж деп атап отырған бағыттары ең өзекті сала.

Деректерге сәйкес мемлекет тарапынан тікелей назарды талап ететін сала – жастардың жұмыспен қамтылуы болып отыр, **69,7%**. Осы сұрақ бойынша бірнеше жауап таңдау мүмкіндігі болды, сондықтан жауаптар жиынтығы 100% құрамайды (8-диаграмма).

8-диаграмма

«Сіздің ойыңызша жастарды қолдау мен дамытудың қандай бағыттарына мемлекет тарапынан басты назардың аударылуы керек?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Еліміздің жастарының пікірі бойынша мемлекеттің көмегін талап ететін екінші сала - баспана саласы (**39,5%**). Үшінші орынды сапалы және қол жетімді білім мәселесі алды, оны әр төртінші адам атаған (23%). Мемлекеттің тікелей қатысуын талап ететін төртінші орындағы мәселе жастарға патриоттық білім беру болып отыр - 11,8%. Әр тоғызыншы респондент (10,6%) мемлекеттің нашақорлықпен және ішімдікпен күресті үдетуі керектігін айтты. Мемлекеттің тікелей жәрдемін талап ететін басқа да маңызды салалар бойынша сауалнама нәтижелеріне сай 10% аз көрсеткіш жинағандары: жастар арасындағы қылмыстың өршуі (9,4%), жастар арасында салауатты өмір салтының қалыптастырылуы (6,8%) және жастардың бос уақытты өткізуін тиімді ұйымдастыру (5,9%).

Осы сұрақтың жауаптарының өңірлер бойынша жіктелімі жастары аталған мәселе бойынша мемлекеттен үлкен жәрдем күтетін Қазақстан аумақтарын анықтауға мүмкіндік берді. Елдің басқа өңірлеріне қарағанда

жұмысқа тұру мәселесі Солтүстік Қазақстан (85,5%), Қостанай (83,3%) және Ақтөбе облысы (81,2%) жастарын алаңдатады. Ал баспанамен қамтамасыз етуге мемлекет міндетті деп санайтын жастар Қостанай облысында (58,3%), Ақтөбе облысында (51,5%) және Шығыс Қазақстан облысында (50,7%). Осы өңірлерде жастардың баспанаға ие болу мәселесінің өзектілігі байқалады.

Нашақорлықпен және ішкілікке салынумен күресу мәселесі Жамбыл облысы жастары үшін аса маңызды, республика бойынша орташа көрсеткіш 10,6% болса, бұл өңірде 27% жетеді. Жастарға патриоттық тәрбие беру қажеттілігі Астана жастарын алаңдатады (34,7%, ал еліміз бойынша орташа көрсеткіш 11,8%). Павлодар және Оңтүстік Қазақстан жастары мемлекет сапалы және қол жетімді білім алуды қамтамасыз етуге міндетті деп санайды (бұл көрсеткіш аталған өңірлерде 33% жетеді, ал жалпы республика бойынша осы көрсеткіш 23% тең).

Жастардың бос уақытының тиімді өткізілуін ұйымдастыру мәселесін өзгелерге қарағанда Батыс Қазақстан облысының жастары жиі атады (15,5%, ал жалпы республика бойынша бұл көрсеткіш 5,9%). Солтүстік Қазақстан облысының жастары үшін мемлекет ең алдымен жастар арасында салауатты өмір салтының қалыптасуына көңіл бөлуге міндетті (20%, ел бойынша жалпы орташа көрсеткіш 6,8%).

Мемлекет тарапынан жәрдемге мұқтаж жастарды қолдау мен дамытудың негізгі салалары бойынша жасалған талдау жас ерекшелік бойынша жіктегенде жастар атаған мәселелердің маңыздылығы бойынша айырмашылықтың респонденттердің жасына байланысты екендігін көрсетіп отыр. Мысалы, баспанамен қамтамасыздану мәселесі 23-29 жас аралығындағыларды толғандырады (46,3%, кіші топта 31,3% және ортаңғы топта 35,7%) (14-кесте).

14-кесте

«Сіздің ойыңызша жастарды қолдау мен дамытудың қандай бағыттарына мемлекет тарапынан басты назардың аударылуы керек?» сұрағына алынған жауаптар, жас ерекшелігі бойынша (% өрнектелген)

	14-18 жас аралығы	19-23 жас аралығы	24-29 жас аралығы
Жастардың жұмысқа орналасуы	57,7	73,9	73,2
Баспанамен қамтамасыз ету	31,3	35,7	46,3
Жастар арасындағы қылмыстың өршуі	9,6	9,7	9,0
Нашақорлыққа және ішімдікке қарсы күресті үдету	13,1	11,2	8,8
Жастарға патриоттық білім беру	16,5	11,4	9,5
Сапалы және қол жетімді білім	29,0	23,1	19,7
Жастардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастыру	7,5	5,7	5,1
Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру	7,5	7,0	6,2
Жауап бере алмаймын	1,9	1,9	0,7

Мемлекет тарапынан басты назарды талап ететін сала ретінде жастар ең алдымен сапалы және қол жетімді білімді, нашақорлықпен және ішкілікке салынумен күресті үдетуді, жастардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастыруды атады.

Осылайша, мемлекеттің жастар саясатының негізгі бағыты ретінде жастардың мәселелері шешімін таппаған, қиыншылығы көп саласының қарастыруы керектігін байқаймыз. Ең алдымен бұл: жастардың жұмысқа орналасу саласы, баспана мәселесі және сапалы, қол жетімді білім мәселесі.

Тарау бойынша қорытындылар:

1. Қазіргі заман жастарының негізгі мәселелері: жұмысқа орналасу және жұмыссыздық; материалдық тапшылық; азық-түлік пен халықтық тұтыным тауарларының бағасының қымбаттығы.

2. Елдің басқа өңірлерімен салыстырғанда жастары әр түрлі мәселеге қатты алаңдайтын үш өңір анықталды: Жамбыл, Батыс Қазақстан облысы және Астана қаласы.

3. Жастардың жұмысқа орналасуы барысында кезіктіретін негізгі қиыншылықтары: жұмыс өтілінің талап етілуі; тамыр-таныстың жоқтығы; мамандық бойынша жұмысқа орналасудың қиындығы. Негізгі қиыншылықтардың кездесуі ең алдымен жас ерекшелігімен, тәжірибенің кемшілігімен, тамыр-таныстың жоқтығымен және іскерлік қарым-қатынас дағдысының жоқтығымен түсіндіріледі.

4. Жастардың басым бөлігі мемлекет оқу орнын бітірген маманға кепілді түрде алғашқы жұмыс орнын беруге міндетті деп санайды, себебі ЖОО бітірушілер еңбек нарығының ең осал топтамасы болып саналады.

5. Мемлекеттің тарапынан басты назардың аударылуын талап ететін негізгі салалар: жастардың жұмысқа орналасуы, баспанамен қамтамасыз ету, сапалы және қол жетімді білім мәселелері. Елдің басқа өңірлерімен салыстырғанда жұмысқа орналасу мәселесі Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Ақтөбе облысы жастары үшін аса өзекті мәселе. Ал баспана мәселесі бойынша мемлекет жәрдемінің болуы керек деген пікірді Қостанай, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облысының жастары ұстанған.

Болжам:

Келешекте жастардың екі өзекті мәселесі сақталады: жұмысқа орналасу және материалдық тапшылық, бұлар өзара тығыз байланыста. Жақын арада жастар үшін сапалы және қол жетімді білім алу мәселесі мен баспана мәселесі сақталатын болады.

Жастардың жұмысқа тұру барысында кездестіретін мәселелері де сақталады, себебі, олардың көпшілігі жас ерекшелігімен түсіндіріледі.

Ұсыныстар:

Еліміздің жастарының жұмысқа орналасу барысында бірқатар қиыншылықтарға кездесетіндігіне байланысты және олардың сырттан берілетін жәрдемге мұқтаждығына байланысты жастардың еңбек биржасын ұйымдастырып, жұмыс іздеудің ең тиімді стратегияларын пайдалануды үйрететін шаралардың атқаруды ұсынамыз.

Жоғары оқу орындарын енді аяқтаған жас мамандардың мамандықтарының сұранысқа ие болмауына байланысты оларды қайта даярлау бағдарламалары мен біліктіліктерін арттыру бағдарламаларын қолға алуды ұсынамыз, оның үстіне осындай бағдарламалардың жүйелі түрде жүзеге асырылып отыруы керек (елді мекендерде де жүзеге асыру қажет).

Жастардың қолы жетімді баспана салатын құрылыс саласын жұмыс күші жеткіліксіз өңірлерде жандандыру ұсынылады, бұл жастардың мүмкіндіктері мен әлеуметтік санатына қарай тұрғын орынмен қамтамасыз ете алатын бағдарлама негізінде жүзеге асырылатын шара (дипломы бар жас мамандарға жеңілдікпен баспана беруді де қарастыру қажет).

IV ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТТАНДЫРЫЛҒАНДЫҒЫ

4.1 Қазақстан жастарының мемлекеттік жастар саясатының маңыздылығы туралы пікірлері

Мәселе.

Мақсаты жастардың толыққанды және жан-жақты дамуына жағдай жасау, әлеуметтенуін қамтамасыз ету болып табылатын мемлекеттік жастар саясаты еліміздің саясатының басымшылықтарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, жастардың мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары, міндеттері және оның негізгі бағыттары туралы барлық ақпараттардан хабардар болуы керек.

Нәтижелер.

Сауалнаманың «Сіздің ойыңызша «мемлекеттік жастар саясаты» дегеніміз не?» деген сұрағына «Патриот жастар тәрбиелеу» деген жауап нұсқасы көп айтылды. Бұл нұсқа респонденттер арасында **41,5% жинады**, соған қоса осы нұсқа өңірлік жіктелім бойынша барлық аймақтарда бірінші болып тұр, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын санамағанда. Екінші орындағы жауап нұсқасы «Жастардың дамуы үшін жағдай жасау» (29,9%), үшінші орында – «Білім алуына жәрдемдесу» (24,5%) болды, одан кейін «Жастарды өзін-өзі ұйымдастыруға үйрету» (17,7%) және «Әлеуметтік мәселелерін шешуге жағдай жасау» (16,5%).

Аздаған көрсеткішке ие болған жауап нұсқалары: «Мемлекеттің тағдыры үшін жауапты болуға баулу» (12,2%), «Жауапты және өз бетінше әрекет етуге қабілетті жастар тәрбиелеу» (12,1%), «Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру» (12%). Содан кейінгілері: «Жас көшбасшыларды дайындау» (11,7%), «Мемлекет үшін еңбектік резерв қалыптастыру» (11,3%) және «Жастар саясаты институттарын қалыптастыру (жастар ресурстық орталығын, жастар саясатын басқару және т. б.)» (11%). Қалған нұсқаларды респонденттердің әрбір онынан кемі таңдады.

Ең танымал емес жауап нұсқалары: «Мен жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін және жастар саясатының мағынасы не» (6,1%) және «Мен мемлекеттік жастар саясатын маңызды деп санамаймын» (2,4%).

Өңірлік жіктелім бойынша жалпы алғанда тенденциялар ұқсас, дегенмен, кейбір ерекшеліктерді атап кетуге болады. Мысалы, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша жауаптың «Жастардың дамуы үшін жағдай жасау» нұсқасы (сәйкесінше, 25,3% және 38,2%) үздік. Ақтөбе облысы бойынша жауаптың «Білім алуына жәрдемдесу» нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың 44,6% таңдаған, бұл басқа өңірлермен салыстырғанда біршама жоғары көрсеткіш. Осындай өзгешеліктер белгілі

өңірдегі аталған салада мәселенің бар екендігін білдіретіндігі сөзсіз (15-кесте).

15-кесте

«Сіздің ойыңызша «мемлекеттік жастар саясаты» дегеніміз не?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%		%
Патриот жастар тәрбиелеу	41,5	Жас көшбасшылар дайындау	11,7
Жастардың дамуына жағдай жасау	29,9	Мемлекет үшін еңбек резервін қалыптастыру	11,3
Білім алуына жәрдемдесу	24,5	Жастар саясаты институттарын қалыптастыру (жастар ресурстық орталығы, жастар саясатын басқару және т.б.)	11,0
Жастарды өзін өзі ұйымдастыруға баулу	17,7	Жастардың азаматтық белсенділіктерін ынталандыру	9,6
Әлеуметтік мәселелерді шешуге жағдай жасау	16,5	Белсенді жастар резервін қалыптастыру	7,9
Мемлекеттік тағдыры үшін жауапкершілікке тәрбиелеу	12,2	Нашақорлықтың, токсикоманияның және ішімдікке салынудың жастар арасында алдын алу	7,1
Жауапты және өз бетінше әрекет етуге қабілетті жастар тәрбиелеу	12,1	Мен жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін және жастар саясатының мағынасы не	6,1
Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру	12,0	Мен мемлекеттік жастар саясатын маңызды деп санамаймын	2,4

Астана қаласының респонденттері таңдаған кейбір нұсқалар көрсеткіштері ерекше. «Патриот жастар тәрбиелеу» нұсқасы, жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан бойынша ең танымал жауап болды, Астана қаласында да осылай. Басқа өңірлерде осы жауап нұсқасын таңдағандардың көрсеткіші 22,8% (Ақмола облысы) бастап 52,3% (Қарағанды облысы) дейін болса, мемлекет бойынша жалпы алғанда 41,5%, ал Астана қаласы бойынша бұл көрсеткіш 66,3% тең.

Астана бойынша екінші орында «Мемлекеттің тағдыры үшін жауапкершілікті тәрбиелеу» (34,7%) нұсқасы тұр. Жауаптың осы нұсқасы бойынша ұқсас көрсеткіш тек Солтүстік Қазақстан облысында (30,9%), басқа өңірлерде салыстырмалы түрде танымал емес, 5,1% бастап (Ақмола облысы) 15,6% дейін (Жамбыл облысы) ауытқып отырады.

Астана бойынша үздік 5 жауаптың қалған үшеуі келесі нұсқаларға тиесілі: «Жауапты және өз бетінше әрекет етуге қабілетті жастарды тәрбиелеу» (25,7%), «Білім алуларына жәрдемдесу» (24,8%) және «Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру» (18,8%).

Жауаптың «Жастардың дамуы үшін жағдай жасау» нұсқасы еліміз бойынша екінші орынды алды, ал Астана бойынша тек 17,8% дауыс жинап, алтыншы орынға тұрақтады.

Жалпы қазақстандық трендтермен салыстырғанда бұл айырмашылық бірқатар себептер кешеніне байланысты. Біріншіден, Астана бойынша өмір сүру сапасының деңгейі орташа есеппен алғанда еліміз бойынша анықталған көрсеткіштен жоғары. Екіншіден, Астанада жастармен идеологиялық жұмыс жүргізуге көп көңіл бөлінуі мүмкін.

Келесі сұраққа ең танымал бес жауапты қарастырайық: «Сіздің ойыңызша «Мемлекеттік жастар саясаты» дегеніміз не?». Қазақстанның әр өңірі бойынша үздік бестікке енген жалғыз жауап бұл – «Патриот жастар тәрбиелеу» болды. Екінші орында - «Жастардың дамуы үшін жағдай жасау» және «Білім алуларына жәрдемдесу». Олардың біріншісі, жоғарыда айтып кеткеніміздей, тек Астана бойынша ғана үздік бестікке енген жоқ. Екіншісі Солтүстік Қазақстан бойынша ғана үздік бестікке ілікпеді. СҚО басқа өңірлердегідей бұл мәселенің аса өзекті еместігін байқаймыз.

Әрі қарай үздік бестіктің қатарына енген жауаптар реті мынадай: «Жастарды өзін-өзі ұйымдастыруға баулу» (8 өңір), «Әлеуметтік мәселелерін шешуге жағдай жасау» және «Жауапты және өз бетінше әрекет етуге қабілетті жастарды тәрбиелеу» (6 өңір), «Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру» (5 өңір). «Жас көшбасшыларды дайындау», «Жастар саясаты құралдарын дамыту» мен «Мемлекет тағдыры үшін жауапкершілікке тәрбиелеу» үш өңір бойынша алғашқы бестікке кірді. Жауаптың «Белсенді жастар резервін қалыптастыру» мен «Жастар арасында нашақорлықтың, токсикомания мен ішкілікке салынудың алдын алу» нұсқасы тек бір өңірде үздік бестік қатарынан көрінді.

4.2 Жастардың Қазақстан Республикасы Президентінің Бағдарламалық мақаласы мен Жолдауын білуі


Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұлт басшысы ретінде жастар саясатының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Сәйкесінше, оның жұмыстарымен, мақаларымен және халыққа Жолдауларымен таныс болу деңгейі мемлекеттік жастар саясатынан хабардар болудың көрсеткіші болып табылады. Қазақстан Президентінің халыққа арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы 2017 жылдың «31» қаңтарында жарияланды, «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы 2017 жылдың «12» сәуірінде жарық көрді. Екі құжатта да Қазақстанның алдағы он жылдықта дамуына арналған ең негізгі тезистер бар және Президент мазмұндаған мәтіннің ең маңызды бөлігі болып саналады.

Сауалнаманың «Сіз 2017 жылдың «31» қаңтарында Қазақстан Президентінің халыққа арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілік» Жолдауын естідіңіз бе немесе оқыдыңыз ба?» сұрағына респонденттердің көпшілігі «Иә, естігенім

бар» (50,8%) деген жауап берді. «Жолдау туралы ештеңе естіген жоқпын» жауабын 30% таңдады. Мәтінін жақсы білетіндер респонденттердің 17,5% және 1,8% жауап бере алмады (9-диаграмма).

9-диаграмма

«Сіз 2017 жылдың «31» қаңтарында Қазақстан Президентінің халыққа арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілік» Жолдауын естідіңіз бе немесе оқыдыңыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сұрақтарға жауап бергендердің жұмыспен қамтылуы бойынша салыстырма жасайтын болсақ, Жолдау туралы жастардың жұмыс істейтіндері (19%), жұмыс жасап, қатарынан оқитындары (21,8%) біледі. «Иә, оқыдым, мәтінін жақсы білемін» нұсқасын таңдағандар үлесі осындай болды. «Жұмыс істемеймін және оқымаймын, жұмыс іздеп жүрмін» топтарының арасында Жолдауды білетіндер тек 10,1%, ал «Жұмыс жасамаймын, оқымаймын, жұмыс іздеп жүрген жоқпын» дегендердің арасында бұл көрсеткіш - 13,5%.

Соңғы топтамада Жолдау туралы ештеңе естімегендер үлесі 44,0% құрады, бұл жұмыспен қамтылуына байланысты жіктелген топтар арасындағы ең үлкен көрсеткіш. Жолдама туралы мүлде ештеңе естімегендер арасында екінші орынды «Оқимын» (30,9%) дегендер топтамасы алды, бұл жастарды ақпараттық қолдау жүйесінің жеткілікті деңгейде дамымауын көрсетіп отыр. Егер жұмыс жасамайтындар қандай да бір себептерге байланысты әлеуметтік жүйелерден ажыратылған болса және олармен жұмыс жасау қиынға соқтыратын болса, мектеп оқушылары мен студенттерді мұндай топтамаға жатқызуға болмайды.

Деректерді ұлттық жіктелім бойынша талдай келе Жолдау туралы білу көрсеткішінің респонденттің ұлттық тиістілігіне тәуелді екендігін аңғардық. Орыстар мен басқа ұлт өкілдерінің ақпараттандырылуына қарағанда, қазақ ұлты өкілдерінің хабардар болу көрсеткіштері жоғары. Жолдаманы қазақтардың 19,8%, орыстардың 12,2% және өзге ұлт өкілдерінің 12,3% жақсы біледі. «Жоқ, естіген жоқпын, Жолдау туралы ештеңе білмеймін» нұсқасын қазақтардың 26,6%, орыстардың 32,9% және өзге ұлт өкілдерінің 47,3% таңдады.


Осы сұрақтың жауаптары бойынша алынған нәтижелерді өңірлік жіктелім бойынша қарастыратын болсақ бес үздік «Иә, оқығанмын, мәтінін жақсы білемін» нұсқасы бойынша мынадай болып отыр: Атырау облысы бойынша (29,4%), Шығыс Қазақстан облысы бойынша (28,5%), Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша (22,9%), Қарағанды облысы бойынша (22,1%) және Солтүстік Қазақстан облысы бойынша (20%).

Аутсайдер ретінде жауаптың «Жоқ, естіген жоқпын, Жолдау туралы ештеңе білмеймін» нұсқасы бойынша келесі өңірлер танылды: Маңғыстау облысы (68,5%), Қостанай облысы (44,8%), Ақтөбе облысы (41,6%), Алматы облысы (39,8%) және Қарағанды облысы (38,3%).

Сауалнаманың «Сіз Президент Н.Ә.Назарбаевтың бұқаралық ақпарат құралдарында осы жылдың «12» сәуірінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы туралы білесіз бе немесе оны оқыдыңыз ба?» сұрағына респонденттердің көпшілігі жауаптың «Иә, естуім бар» (45,5%) деген нұсқасын таңдады. Екінші орынды иеленген жауап нұсқасы: «Жоқ, бұл мақала туралы ештеңе естіген жоқпын және білмеймін» (40,7%), содан кейінгі кезекте жауаптың «Иә, оқығанмын, мәтінін жақсы білемін» (10,9%) нұсқасы және «Жауап бере алмаймын» (3,0%) нұсқасы (10-диаграмма).

10-диаграмма

«Сіз Президент Н.Ә.Назарбаевтың бұқаралық ақпарат құралдарында осы жылдың «12» сәуірінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы туралы білесіз бе немесе оны оқыдыңыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Респонденттердің жұмыспен қамтылуы бойынша жасалған талдаудан хабардар тұлғалардың көбісінің «Оқимын және жұмыс жасаймын» топтамасынан екендігін байқаймыз, олардың 15,1% «Иә, оқығанмын, мәтінін жақсы білемін» жауабын таңдады. «Жұмыс жасаймын» топтамасының респонденттері осы көрсеткіш бойынша екінші орында, олардың үлесі 11,7%.

Бұл мақала туралы ештеңе естімегендер арасында «Оқымаймын және жұмыс жасамаймын, жұмыс іздеп жүрген жоқпын» (57,4%) топтамасының өкілдері көп бастап келеді, екінші орынды иеленген респонденттер оқымайды және жұмыс жасамайды, бірақ жұмыс іздеп жүр (42,8%). «Оқимын және жұмыс жасаймын» санаты бойынша бұл көрсеткіш 42%, «Оқимын» санатында 41,1%, «Жұмыс жасаймын» санатында 36,8%.

Деректерді ұлттық жіктелім бойынша талдай келе осы мақала туралы қазақтардың көп білетіндігін аңғардық. «Иә, естідім, мәтінін жақсы білемін» нұсқасын қазақтардың 13%, орыстардың 7% және өзге ұлт өкілдерінің 3,9% таңдады.

Жалпы алғанда біз мәліметтердің қазіргі заман жастарының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық құжаттарынан хабардар болу деңгейінің төмендігін көріп отырмыз, бұл облыстарда жастармен аталған құжаттарды талдау жұмыстарының тиісінше жүргізілмейтіндігін білдіреді.

4.3 Жастардың елдегі жастар ұйымдары туралы білуі

Мемлекеттің жастар саясаты бірнеше органның қызметінің нәтижесінде жүзеге асады, соның ішінде жастар ұйымдары да бар. Осы бөлімде жастардың осындай бірқатар ұйымдарды білетіндігін анықтайтын боламыз, олар: жергілікті атқару органдары жанынан құрылатын жастар саясаты/ішкі саясат Басқармалары, ресурстық орталықтар, «НұрОтан» партиясының «ЖасОтан» жастар қанаты, Ұлттық еріктілер желісі, Қазақстан жастары Конгрессі, Қазақстан студенттер Альянсы және «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы.

Зерттеуде аталған жеті ұйымның Қазақстан жастары арасында ең танымалы «НұрОтан» партиясының «ЖасОтан» жастар қанаты – сауалнамаға қатысқандардың 51,6% бұл ұйымды біледі және 32% ол туралы естіген (16-кесте).

Екінші орында Ұлттық еріктілер желісі (жауаптың «Білемін» нұсқасы бойынша - 25%), содан кейін жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылатын жастар саясаты ұйымдары (20%), Қазақстан студенттер Альянсы (19,4%), жастар ресурстық орталықтары (18,4%), «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы (17,7%) және Қазақстан жастары Конгрессі (17%).

«Сіз жастармен және жастар ұйымымен жұмыс жасайтын қандай мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды білесіз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	Білемін	Естуім бар	Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын	Жауап бере алмаймын
Жастар саясаты/ішкі саясат басқармасы	20,0	35,0	39,7	5,4
Жастар ресурстық орталықтары	18,4	30,8	45,1	5,8
«ЖасОтан» жастар қанаты	51,6	32,0	14,0	2,5
Ұлттық еріктілер желісі	25,0	36,9	32,9	5,3
Қазақстан жастары Конгрессі	17,0	37,1	40,5	5,6
Қазақстан студенттер Альянсы	19,4	34,5	39,6	6,6
«Жастар» ҒЗО	17,7	33,1	42,4	6,9

Егер жауаптардың «Білемін» және «Естуім бар» нұсқаларын қосатын болсақ, нәтиже біршама өзгереді. Бірақ «ЖасОтан» көш басында (83,6%), екінші орында Ұлттық еріктілер желісі (61,9%), содан соң жастар саясаты Басқармасы (55%). Қазақстан жастары Конгрессі төртінші орында (54%), Қазақстан студенттер Альянсы бесінші орынға тұрақтап (53,9%), «Жастар» ҒЗО алтыншы орынға келді (50,8%), ал жастардың ресурстық орталықтары соңғы орында (49,2%) (17-кесте).

«Сіз жастармен және жастар ұйымымен жұмыс жасайтын қандай мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды білесіз?» сұрағына алынған жауаптар («Білемін» және «Естуім бар» нұсқаларын қосқанда) (% өрнектелген)

Ұйымның атауы	%
«ЖасОтан» жастар қанаты	83,6
Ұлттық еріктілер желісі	61,9
Жастар саясаты/ішкі саясат басқармасы	55
Қазақстан студенттер Альянсы	53,9
Жастар ресурстық орталықтары	49,2
Жастар» ҒЗО	50,8
Қазақстан жастары Конгрессі	54,0

Талдау жасау үшін негізгі көрсеткіш ретінде жауаптардың «Білемін» және «Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын» нұсқалары ғана алынбайтындығын ескеру керек. «Естуім бар» нұсқасын міндетті түрде есепке алу керек, дегенмен ол ұйымның өзі мен қызметінің жастар арасында танымал болуының жанама көрсеткіші ғана. Респондент үшін жауаптың бұл нұсқасын таңдауына БАҚ құралдарында тақырыпшаны көріп қалуы, болмаса ұйым туралы кездейсоқ естіп қалуы жеткілікті. Осылайша, біз білетіндер санының білмейтіндер санынан басым екенін тек бір ғана ұйым бойынша байқап отырмыз – бұл «ЖасОтан» жастар қанаты.

Қарастырылып отырған көрсеткіштерді өңірлік жіктелім бойынша талдап көрейік. Жастар ұйымы туралы мағлұматтарды Атырау, Шығыс

Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облысының жастары жақсы біледі. Бұл төрт өңірде «Білемін» жауабын таңдаған респонденттер көлемі барлық ұйымдар бойынша «Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын» жауабын таңдағандар көлемінен біршама артық. Атырау облысын ерекше атау керек, онда «білетіндер» саны «білмейтіндер» санынан кейде он есеге дейін артық болды. Мысалы, осы облыста Қазақстан жастары Конгрессін 33,8% біледі, білмейтіндер тек 1,5% ғана.

Солтүстік Қазақстан облысының жастары төрт ұйымды білеміз деді: жастар саясаты Басқармасы (27,3%), «ЖасОтан» (43,6%), Ұлттық еріктілер желісі (30,9%) және Қазақстан студенттер Альянсы (23,6%). Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында «Білемін» нұсқасын респонденттер басқа ұйымдарға қатысты таңдады. Біріншісі - «ЖасОтан» (54,9%, 56,4% және 57,4%, сәйкесінші). Екіншісі – Ұлттық еріктілер желісі (36,6%, 30,8%, 28,3%, сәйкесінше).

Ал Маңғыстау облысы ерекшелене түсті, онда респонденттердің «Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын» нұсқасын таңдаған саны барлық ұйым бойынша білетіндер санынан артық. Қалған облыстарда және Астана қаласында жастар тек «ЖасОтан» ұйымын біледі.


Жалпы Қазақстан жастарының жастар ұйымы туралы мәліметпен таныстығының төмен екендігін көріп отырмыз. Жастардың аталған ұйымдардың қызмет бағыттарына байланысты таныс болу деңгейі негізінен жастардың тұрып жатқан өңіріндегі аймақтық ерекшеліктерге байланысты.

4.4 Жастардың жастар саясаты саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы туралы білуі және оларға қатысу белсенділігі

Мемлекеттің жастар саясаты бірқатар жастарға арналған бағдарламалар арқылы да жүзеге асырылады. Осы зерттеу төңірегінде Қазақстан жастарының «Жастар тәжірибесі», «Дипломмен ауылға!», «Жастар кадрлық резерві», «Жасыл Ел», бизнесті қолдау мен дамытуға арналған бірыңғай «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламаларымен қаншалықты таныс екендігі анықталды.

Танымалдылығы бойынша бағдарламалар мынадай кезекке тізілді («Жақсы білемін» нұсқасы): «Дипломмен ауылға!» (27,9%), «Жасыл Ел» (26,8%), бизнесті қолдау мен дамытуға арналған бірыңғай «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы (23%), «Жастар кадрлық резерві» (18%), «Жастар тәжірибесі» (17%) (11-диаграмма).

«Сіз жастарды қолдауға арналған қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды білесіз, білесіз бе немесе олардың қатысушысы болып табыласыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Респонденттердің көпшілігі «Иә, естуім бар» жауабын таңдады: «Жастар кадрлық резерві» (79,4%), «Жастар тәжірибесі» (78,9%), «Бизнестің жол картасы-2020» (75,5%), «Дипломмен ауылға!» (70,7%), «Жасыл Ел» (68,9%).

Бірақ, респонденттердің аталған бағдарламаларға қатысушы болып саналу деңгейінің төмен екендігін атап айту керек. Осы көрсеткіш бойыншы бірінші орында «Жасыл Ел» (4,3%), содан соң «Жастар тәжірибесі» (4,1%) бағдарламасы, «Жастар кадрлық резерві» (2,6%), «Бизнестің жол картасы-2020» (1,5%), «Дипломмен ауылға!» (1,4%) жобалары.

Жастарға арналған бағдарламалар мен жобаларды білу және оған қатысу бойынша өңірлік талдау жасап көрейік. Қазақстанның барлық өңірлерін ақпараттану деңгейлеріне қарай төрт топқа бөлдік. Бірінші топқа бес бағдарлама бойынша «Жақсы білемін» жауабын таңдаған респонденттердің орташа үлесі 30% асатын өңірлер енгізілді. Бұл Қызылорда (35,1%), Шығыс Қазақстан (33,6%), Жамбыл (32,1%) және Алматы (31,2%) облыстары.

Екінші топта көрсеткіші 20% артық, бірақ 30% кем өңірлер топтасты. Бұл Батыс Қазақстан (28,8%), Атырау (25,5%), Қарағанды (24,4%), Павлодар (24,0%), Ақтөбе (22,2%), Оңтүстік Қазақстан (20,6%) облыстары және Алматы қаласы (20,2%). Үшінші топқа көрсеткіштері 20% төмен, бірақ 10% артық аймақтар жинақталды, олар: Қостанай (10,6%) және Солтүстік Қазақстан облыстары (10,3%). Тізімді аутсайдерлер тұйықтап тұр, олардың орташа көрсеткіштері 10%. Бұл Ақмола облысы (6,4%), Астана қаласы (2,4%) және Маңғыстау облысы (1,4%).

«Жасыл Ел» бағдарламасын өңірлерді қамтуы бойынша бірінші орынға қоюға болады. Оған қатысқан респонденттер 14 облыста да бар (Атырау және Маңғыстау облыстарын санамағанда), бағдарламаға қатысу белсенділігі өте

жоғары. Батыс Қазақстан бойынша «Жасыл Ел» бағдарламасына қатысқандар үлесі респонденттер арасында 18,5% құрады, ал Ақтөбе облысында – 13,9%.

«Жастар тәжірибесі» бағдарламасына да 14 өңірдің респонденттері қатысқан, Қостанай және Маңғыстау облыстарын санамағанда. Дегенмен, Ақмола облысы мен Солтүстік Қазақстан облысында бұл бағдарламаға әрбір оныншы респондент (10,8%) қатысқан болса, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында бұл көрсеткіш бір пайыздан төмен (0,6% және 0,9% сәйкесінше).

Үшінші орынға «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы тұрақтады – 11 өңір қатысқан, Атырау, Жамбыл, Маңғыстау, Солтүстік-Қазақстан облыстарын және Астана қаласын санамағанда. Бұл бағдарламаға қатысу көрсеткіші Ақмола облысында жоғары (5,3%) және БҚО (5%). Ал ең төмен көрсеткіш ОҚО (0,7%) мен ШҚО (0,8%) анықталды.

Қамтуы бойынша «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы үздіктер қатарында (10 өңір қатысқан). Оған келесі өңірдің респонденттері қатыспаған екен: Ақмола облысы, Атырау облысы, Қостанай облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы және Солтүстік Қазақстан облысы. Бұл бағдарламаға қатысу бойынша неғұрлым жоғары көрсеткіш БҚО респонденттерінің арасында байқалады (4,8%) және Жамбыл облысы респонденттерінің арасында анықталды (4,3%), ал ең азы Шығыс Қазақстан облысында (0,9%).

Тізімді түйықтайтын бағдарлама «Жастар кадрлық резерві», оған тоғыз өңірдің респонденттері қатысқан екен. Бұл бағдарламаға сауалнамаға қатысқандардың арасынан Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының өкілдері мен Астана қаласының жастары қатыспаған екен. Бұл бағдарламаның қатысушыларының көпшілігі Ақтөбе облысынан және Батыс Қазақстан облысынан (9,2% және 8,9% сәйкесінше), ал ең аз көрсеткіш Жамбыл және Қостанай облыстары бойынша (0,9% және 1,1%).

Ақтөбе облысының, Оңтүстік Қазақстан облысының, Батыс Қазақстан облысының, Қарағанды облысының, Қызылорда облысының және Алматы қаласының респонденттері барлық бес бағдарламаға қатысқан. Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Қостанай облыстарының жастары төрт бағдарламаға қатысқан. Павлодар және Ақмола облыстарының жастары, сонымен қатар Астана қаласының жастары үш бағдарламаға қатысушы болған болса, Атырау және Солтүстік Қазақстан облысының жастары тек екі бағдарламаға қатысқан.

Өңірлер бойынша көш соңында Маңғыстау облысы келеді, бұл облыстың респонденттері осы бағдарламалардың ешқайсысына қатыспаған.

Жалпы жастардың жастар саясаты бойынша жүзеге асырылатын бағдарламалар мен жобаларды білу деңгейінің айтарлықтай жоғары еместігін байқаймыз, оларға қатысу көрсеткіші де төмен. Бұл көптеген жағдайда, жоғарыда айта кеткендей, жастардың осындай бағдарламалар туралы және оларға қатысу мүмкіндігінің бар екендігі туралы мәліметтерден бейхабар болуына байланысты.

Тарау бойынша қорытындылар:

1. Қазақстандық жастар жалпы алғанда мемлекеттік жастар саясатының маңыздылығын түсінеді және оның қажет екендігімен келіседі. Жастардың басым көпшілігі жастар саясатынан өзін хабардар деп санайды, оның қандай болу керектігін және қалай жүзеге асырылатындығын біледі.

2. Жастар мемлекеттік жастар саясатынан ең алдымен идеологиялық құралды көреді. Екіншіден, жастар мемлекеттік жастар саясатынан қандай да бір әлеуметтік қамтамасыз ету механизмін көреді. Жастардың мемлекеттік жастар саясаты туралы ұғымдарының кей тұстары мемлекеттің көздеген мақсаттымен сай келетіндігін айта кеткен дұрыс. Десек те, жастар өздері үшін дәл қазір өзекті мәселені шешуге бағытталған, көптеген мемлекеттік бағдарламаларды біле бермейді.

3. Жастардың Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың түрлі Бағдарламалық мақалаларын біле бермейтіндігі анықталды. Қазақтардың Президент Жолдауы мен мақалаларын жақсы білуі түпкілікті ұлт өкілдерінің мемлекеттік даму стратегиясы мен алдағы уақыттағы даму мүмкіндіктерін білуге тырысатындығын көрсетеді. Дегенмен, ұлты қазақ жастарының арасында да осынша маңызды бағдарламалық құжаттар туралы ештеңе білмейтіндер саны айтарлықтай жоғары.

4. Президенттің бағдарламалық құжаттарының мазмұнын жұмыс басты респонденттердің білетіндігін аңғардық, олар әлеуметтік белсенді азамат және әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан тұлға болып саналады. Оқитындар арасында әрбір оныншы тұлға Президент мақаласымен таныс, шамамен әр алтыншы адам Жолдауды біледі. Білім алушылардың, деструктивті құбылыстарға неғұрлым бейім және әлеуметтік тұрғыдан әлі де қалыптасу үстіндегі топтама ретінде үнемі мемлекеттің тікелей назарынан тыс қалдырылмауы керек.

5. Респонденттердің жастар ұйымын білу көрсеткіштері де төмен. Ал «ЖасОтан» жастар қанатының соншалықты танымалдылығын бас партия «НұрОтанмен» түсіндіруге болады. Қалған жағдайларда аталған ұйымдарды білмейтіндердің саны білетіндер санынан біршама төмен. Респонденттердің «Естуім бар» нұсқасын таңдаған көпшілігі түзетін көрсеткіштердің біздің көзімізді боямауы керек – бұл ақпараттандырылудың негізгі көрсеткіші емес.

6. Респонденттердің жастарға арналған бағдарламаларды білуі мен оларға қатысу көрсеткіштері тең емес. Мұндай бағдарламалар мен жобаларды білу көрсеткіші әр өңірде әр түрлі. Мысалы, Қызылорда облысының әрбір үшінші респонденті немесе Шығыс Қазақстандағы әр үшінші респондент жастар бағдарламасының жұмысымен жақсы таныс болса, Астана қаласында бұл әрбір қырықыншы респондент, ал Маңғыстау облысында жетпіс респонденттің біреуі ғана.

7. Жоғарыда мазмұндалған жағдайдың барлығы жастар саясаты туралы ақпараттандырудың жеткіліксіздігін білдіреді, оны халықтың әр түрлі топтамаларына жететіндей тарату керек. Әр түрлі әлеуметтік топтарға ақпарат жеткізудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін ақпараттық өнімнің диверсификациялануы да мүмкін, бұл тілге, ұлтқа, жұмыспен қамтылуына, дүниетанымына және т.б. байланысты. Оның үстіне әр түрлі өңірде ақпарат әр түрлі көлемде тарайды.

Болжам:

Егер мемлекеттің жастар саясаты және олармен жұмыс саласы бойынша мақсаттарын ақпарат тарату арқылы насихаттау деңгейі бұрынғыдай қала беретін болса, жастардың мемлекеттік жастар саясаты туралы жеткілікті ақпаратты игеруі алдағы жуық арада мүмкін емес.

Ұсыныстар:

Қазіргі Қазақстан жастарының жастарды қолдауға және дамытуға арналған бағдарламалар мен мемлекеттік жобаларды біле бермейтіндігіне байланысты ақпараттық шаралар ұйымдастыруды және өткізуді қолға алу ұсынылады, мұндай ақпараттық шаралардың мақсатының жастарды мемлекеттік бағдарламалармен таныстыру және олар беретін мүмкіндіктерді көрсету болуы тиіс.

Жастардың Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық құжаттарын білу деңгейінің төмендігін ескере отырып, аталған материалдарды әр түрлі дәрежедегі білім беру орындарының оқу бағдарламаларына енгізу ұсынылады, бұл шараны орта мектептерден бастау керек. Бұл құжатпен Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің танысуға қызығушылықтарын арттыру қажет.

Респонденттердің жастармен жұмыс жасайтын ұйымдарды біле бермейтіндігін ескеретін болсақ, жастардың жұмыс/оқу орны бойынша жастар ұйымының мүшелері таныстыру және насихаттау шараларын өткізуді қолға алуы керек, мұндай шаралардың мақсаты ұйымның қызметімен және қызметінің мақсаттарымен таныстыру, елдің жастарына беретін мүмкіндіктерін көрсету болуы керек.

Жастар бағдарламасы саласындағы ақпараттық саясатты оңтайландыру мақсатында БАҚ жастар ұйымы, олар өткізетін шаралар туралы ақпаратты көптеп таратуы керек, БАҚ беттерінде белсенді жастар образын насихаттап, жастарға үндеу тастау керек.

V ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ ЕЛДЕ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУЫ

5.1 Жастардың жастар саясатының тиімділік деңгейі туралы пікірлері

Мәселе.


Жастар саясатының тиімділігі қоғамдық пікірді талдау арқылы да бағаланады. Мұның сауалнама қатысушыларының бейтарап пікірлерін білдіретін бір ғана маркер екенін ескеру керек. Дегенмен, жастардың өздерінің пікірі осы сала бойынша әсерді бағалап, әрі қарай атқарылуы тиіс шаралар қатарын іріктеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер.

12-диаграммада көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқан Қазақстан жастарының көпшілігі мемлекеттің жастарды қолдауға бөлетін назарын жеткілікті деп санайды. Жауаптың «Иә, жеткілікті» және «Жеткілікті шығар» нұсқасын жастардың 60,8% таңдаған. Респонденттердің үштен бір бөлігі ғана (32%) сұрақтың «Жеткіліксіз шығар» және «Жоқ, жеткіліксіз» нұсқаларын таңдады.

12-диаграмма

«Сіз қалай ойлайсыз, жастарды қолдау мәселесіне мемлекеттік органдар жеткілікті көңіл бөле ме?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Өңірлер жіктелімінде жағдай өзгеше. Біз барлық өңірді мемлекет тарапынан жастар мәселесіне бөлінетін назардың жеткіліктілігі бойынша негізгі үш топқа біріктірдік (18-кесте).

«Сіз қалай ойлайсыз, жастарды қолдау мәселесіне мемлекеттік органдар жеткілікті көңіл бөле ме?» сұрағына алынған жауаптар, өңірлік жіктелім бойынша («Иә, жеткілікті» және «Жеткілікті шығар» жауаптарын қосқанда) (% өрнектелген)

50% төмен	50-66%	66% жоғары
Маңғыстау облысы (42,5%)	Алматы облысы (64,9%)	Атырау облысы (85,3%)
Қостанай облысы (37,5%)	Қызылорда облысы (64,0%)	Астана қаласы (80,2%)
Солтүстік Қазақстан облысы (36,4%)	Оңтүстік Қазақстан облысы (59,1%)	Ақмола облысы (78,5%)
Павлодар облысы (34,6%)	Батыс Қазақстан облысы (56,3%)	Шығыс Қазақстан облысы (77,1%)
	Алматы қаласы (55,2%)	Ақтөбе облысы (70,0%)
		Жамбыл облысы (70,0%)
		Қарағанды облысы (67,8%)


19-кестеде көрсетілгендей, жастар мәселесіне мемлекет тарапынан бөлінетін назарға Атырау облысы жастары (85,3%) және Астана қаласының жастары (80,2%) қанағаттанады. Дегенмен, Атырау облысында респонденттердің көбі (52,9%) жауаптың «Иә, жеткілікті» деген нұсқасын таңдаған болса, Астана қаласы бойынша бұл көрсеткіш 13,9% ғана тең. Астаналық респонденттер жауаптың «Жеткілікті шығар» (66,3%) нұсқасын таңдапты, бұл қанағаттанарлық шаманы ғана білдіреді.

Одан төмен көрсеткіштерді Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында байқауға болады. Онда жастар мәселесіне мемлекет тарапынан бөлінетін назарға 36,4% және 34,6% ғана жеткілікті деп жауап берген. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Жоқ, жеткіліксіз» нұсқасын шамамен әрбір он бірінші адам таңдаса (9,1%), Павлодар облысында бұл көрсеткіш әр бесінші адаммен аталды (20,5%).

Ұлттық жіктелім бойынша жастарды қолдау саласындағы мемлекеттің саясатына қазақтардың көңілі толады. Жауаптардың «Иә, жеткілікті» және «Жеткілікті шығар» нұсқасын 63,9% респондент таңдаған. Орыс ұлтында бұл көрсеткіш 55,4%, басқа ұлт өкілері арасында – 49,8%.

Сауалнаманың «Сіз қалай ойлайсыз, біздің елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді жүзеге асырылып жатыр ма?» сұрағына респонденттердің көпшілігі (64,2%) «Иә, тиімді» (21,2%) және «Тиімді шығар» (43%) деген жауап нұсқаларын таңдады. Тағы 22,8% респондент «Тиімсіз шығар» (16,3%) және «Тиімді емес» (6,5%) жауаптарын таңдады. Шамамен әр он бірінші респондент «Елдегі жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін, естіген жоқпын» деген жауапты таңдаған (9,3%) (13-диаграмма).

«Сіз қалай ойлайсыз, біздің елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді жүзеге асырылып жатыр ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Өңірлер бойынша жіктелімде біз, алдыңғы жағдайдағыдай, мемлекеттің жастарды қолдау және дамыту саласындағы жұмысына қанағаттану деңгейі бойынша үш топты жасақтадық. Бірінші топқа «Иә, тиімді» және «Тиімді шығар» деген жауапты таңдаған респонденттер үлесі 50% төмен аймақтар топтастырылды (19-кесте).

«Сіз қалай ойлайсыз, біздің елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді жүзеге асырылып жатыр ма?» сұрағына алынған жауаптар, өңірлік әжіктелім бойынша («Иә, тиімді» және «Тиімді шығар» жауаптарын қосқанда) (% өрнектелген)

50% төмен	50-66%	66% жоғары
Маңғыстау облысы (46,6%)	Оңтүстік Қазақстан облысы (65,9%)	Астана қаласы (84,2%)
Қостанай облысы (38,5%)	Алматы қаласы (58,7%)	Қызылорда облысы (83,1%)
	Қарағанды облысы (57,0%)	Ақтөбе облысы (81,2%)
	Солтүстік Қазақстан облысы (56,4%)	Атырау облысы (77,9%)
	Жамбыл облысы (52,5%)	Шығыс Қазақстан облысы (70,8%)
	Павлодар облысы (50,0%)	Батыс Қазақстан облысы (70,4%)
		Ақмола облысы (67,1%)
		Алматы облысы (66,4%)

Екінші топқа бұл көрсеткіш респонденттердің жартысынан үш бөлігіне дейін жететін өңірлер (50-66%), ал үшінші топқа 66% астам өңірлер енгізілді.

20-кестеде көрсетілгендей, көп өңірде респонденттер негізінен мемлекеттің аталған саладығы қызметіне қанағаттанады. Бұл көрсеткіш бойынша Астана қаласы көш бастап келеді (84,2%) және Қызылорда облысы (83,1%) ілесіп келеді. Көрсеткіштері төмен топта тек екі өңір - Маңғыстау (46,6%) және Қостанай (38,5%) облыстары.

«Елдегі жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін, естіген жоқпын» жауабына жеке тоқталу керек (20-кесте).

«Сіз қалай ойлайсыз, біздің елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді жүзеге асырылып жатыр ма?» сұрағына алынған жауаптар, өңірлік жіктелім бойынша («Елдегі жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін, естіген емеспін» жауабы бойынша) (% өрнектелген)

	%
Батыс Қазақстан	14,1
Алматы	13,5
Оңтүстік Қазақстан	12,9
Павлодар	12,8
Ақмола	12,7
Алматы	12,3
Солтүстік Қазақстан	9,1
Қарағанды	8,7
Қостанай	8,3
Ақтөбе	7,9
Маңғыстау	6,8
Қызылорда	5,6
Астана	5,0
Жамбыл	2,5
Шығыс Қазақстан	2,1
Атырау	0,0

Елдегі жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін, естіген жоқпын деген респонденттер саны өңірлер бойынша күрт өзгеріп отырады. Атырау облысында елдегі жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін, естіген жоқпын деген респондент жоқ болса, ШҚО аздаған көрсеткіш бар, ал БҚО бұл жауапты әр жетінші адам таңдаған.

Ұлттық жіктелімде де бұл жауаптың көрсеткіштері әр түрлі. «Елдегі жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін, естіген жоқпын» жауабын қазақтардың 8%, орыстардың 9,5% және басқа ұлт өкілдерінің 17,7% таңдаған.

Қазақтардың 68% мемлекеттік жастар саясатын тиімді деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың осынша бөлігі «Иә, тиімді» және «Тиімді шығар» жауаптарын таңдады. Орыстар мен (54,9%) өзге ұлт өкілдерінің арасындағы айырмашылық (56,7%) айтарлықтай емес.

Жалпы деректер жастардың мемлекеттің жастар саясатының тиімділігін жоғары бағалайтындығын көрсетіп отыр. Дегенмен, жастардың көпшілігінің елдегі жастар саясатының бағыттары туралы мүлде ешқандай мәліметтерді білмейтіндігі алаңдатады. Ақпаратпен таныс болу деңгейі мен тиімділіктің бағасы көбінесе жастардың тұрғылықты өңіріне байланысты.

5.2 Мемлекеттік саясат төңірегіндегі жекелеген шаралардың тиімсіздігінің негізгі себептері (жастардың пікірлері бойынша)

Жастардың жастар саясатының кейбір аспектілерінің тиімсіздігі туралы пікірлерін саралай отырып, халық арасынан пікір білдіретін өкілдердің сарапшы еместігін ескеру керек, олар мәселені кешенді түрде, тұтастай көре алмайды. Сарапшылар ғана жүйелі түрде, кешенді және жан-жақты түрде жастар саясаты мәселелерін және елдегі жастар мәселесін қарастырып, нақты баға бере алады. Десек те, бұл факторды ең алдымен шешімі табылмаған мәселелерді анықтау үшін емес, жастарды алаңдататын мәселелерді, олардың көңіл-күйлерін бағалау үшін ескеру керек.

Сауалнаманың «Сіз неліктен мемлекеттік жастар саясатын тиімсіз деп санайсыз?» сұрағына респонденттердің «Сіз қалай ойлайсыз, мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) біздің елімізде жүзеге асырылуы тиімді ме?» сұрағына теріс жауап берген немесе жауап бере алмаған бөлігі ғана жауап берген. Бұл сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 26,6% екендігін естеріңізге саламыз.

Сонымен, «Сіз неліктен мемлекеттік жастар саясатын тиімсіз деп санайсыз?» сұрағына респонденттердің көпшілігі «Жастар саясаты жастардың қосалқы мәселелерін шешуге ғана бағытталған, ең өзекті мәселелер шешусіз қалуда» деген жауап берді (50,8%). Екінші орында ұсынылған жауаптардың «Мемлекеттік ұйымдар мен жастармен жұмыс жасайтын ұйымдар арасында қарым-қатынас қалыптаспаған» нұсқасы түр (19,3%) (21-кесте).

21-кесте

«Сіз неліктен мемлекеттік жастар саясатын тиімсіз деп санайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Жастар саясаты жастардың қосалқы мәселелерін шешуге ғана бағытталған, ең өзекті мәселелер шешусіз қалуда	50,8
Мемлекеттік ұйымдар мен жастармен жұмыс жасайтын ұйымдар арасында қарым-қатынас қалыптаспаған	19,3
Жастар саясатының жүзеге асырылуына қатысатын мамандардың біліктілігі төмен	14,1
Жастар саясаты саласын реттейтін заңдар мен басқа да нормативтік құжаттар әлсіз	9,0
Мемлекеттің жастар саясатын жүзеге асыру бойынша өңірлерде атқарылатын жұмыстар Астана және Алматы қалаларында атқарылатын жұмыстардан өзгеше	5,3
Жауап бере алмаймын	12,1

Әрі қарай кему реті бойынша жастар саясатының тиімсіздігінің келесі себептері орналасты: «Жастар саясатының жүзеге асырылуына қатысатын мамандардың біліктілігі төмен» (14,1%), «Жастар саясаты саласын реттейтін заңдар мен басқа да нормативтік құжаттар әлсіз» (9%) және «Мемлекеттің жастар саясатын жүзеге асыру бойынша өңірлерде

атқарылатын жұмыстар Астана және Алматы қалаларында атқарылатын жұмыстардан өзгеше» (5,3%). Респонденттердің 12,1% жауап бере алмады.

Сұрақтың жауаптарының «Жастар саясаты жастардың қосалқы мәселелерін шешуге ғана бағытталған, ең өзекті мәселелер шешусіз қалуда» нұсқасы ұлттық жіктелімде де алдыңғы қатарда. Барлық ұлт өкілдері осындай пікірде: қазақтар (46,6%), орыстар (58,0%), басқа ұлт өкілдері (57,7%). Жұмыспен қамтылғандар арасында жасалған талдау нәтижелері де осындай.

Жауаптың дәл осы нұсқасы өңірлер бойынша жасалған талдауда да негізгі себеп болып отыр. Бұл жауап Қызылорда облысын санамағанда барлық өңірлерде ең көп таңдалған жауап нұсқасы болды (20%). Маңғыстау облысы бойынша сұрақ жауабының осы нұсқасы бірінші орынға (44%) жауаптың «Мемлекеттік ұйымдар мен жастармен жұмыс жасайтын ұйымдар арасында қарым-қатынас қалыптаспаған» нұсқасымен бірге тұрақтаса, Батыс Қазақстан облысы бойынша сұрақтың «Жастар саясатының жүзеге асырылуына қатысатын мамандардың біліктілігі төмен» жауабымен қатар келеді (44,4%).

Жауаптардың басқа нұсқалары бойынша мұндай жағдай байқалмайды. Жалпы көрсеткіштер бойынша бірінші орындағы «Мемлекеттік ұйымдар мен жастармен жұмыс жасайтын ұйымдар арасында қарым-қатынас қалыптаспаған» деген жауапты Маңғыстау облысы бойынша сауалнамаға қатысқандардың 44%, Қарағанды облысында респонденттердің 35,3% таңдаған. Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында сұрақтың бұл жауабын респонденттердің ешқайсысы таңдамаған.

Қызылорда облысы мен Астана қаласы бойынша мемлекеттік жастар саясатының тиімсіздігінің себебі заңның әлсіздігінде деп таныса, 40% және 27,3% сәйкесінше, Ақмола және Павлодар облыстарында жауаптың бұл нұсқасын ешбір респондент белгілемеген.

Батыс Қазақстан облысы бойынша респонденттердің 44,4% мемлекеттік жастар саясатының тиімсіздігі мамандардың біліктілігінің кемшілігіне байланысты деп санаса, Жамбыл облысы респонденттерінің 25,9% осы пікірмен келіседі. Ал Астаналық респонденттер, сонымен қоса Ақмола облысы мен Солтүстік Қазақстан облысының респонденттері олармен келіспейді, бұл өңірде жауаптың аталған нұсқасын ешбір респондент таңдамаған.

Өңірлер бойынша сұрақтың ең танымал емес жауабы «Мемлекеттің жастар саясатын жүзеге асыру бойынша өңірлерде атқарылатын жұмыстар Астана және Алматы қалаларында атқарылатын жұмыстардан өзгеше» болды. Оны жеті өңір бойынша бір де бір респондент белгілемеген (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласы). Сұрақ жауабының осы нұсқасы Оңтүстік Қазақстан (13,9%) облысында, Қызылорда облысында (10%), Алматы қаласында (9,8%) және Қостанай (9,8%) облысында бегіленді.


Респонденттердің сарапшы еместігін «Жауап бере алмаймын» нұсқасының жиі таңдалғандығынан аңғаруға болады. Атырау облысында осы нұсқаны респонденттердің 26,7%, Алматы облысында 22%, Павлодар облысында 20,7%, Ақмола облысында 20,0% белгілеген. Бұл жерде де көрсеткіштердің айырмашылықтары үлкен. Мәселен, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында жауаптың бұл нұсқасын бір де бір респондент таңдаған жоқ.

Осылайша, еліміздегі мемлекеттік жастар саясатының тиімсіздігінің негізгі себептерінің мынадай екендігін көріп отырмыз: жастар саясаты негізгі өзекті мәселелерді емес, қосалқы мәселелерді шешуге бағытталған; жастармен және жастар ұйымымен жұмыс жасайтын мемлекеттік ұйым арасында қарым-қатынас қалыптаспаған; жастар саясатын жүзеге асыратын мамандардың біліктілігі төмен.

5.3 Жастардың елде жүргізіліп жатқан жастар саясатына қанағаттану деңгейі

Зерттеу бойынша жастардың мемлекеттік саясатқа көңілдерінің қаншалықты толатындығын анықтау ең маңызды мақсат болып саналады. Жастар мемлекеттің болашағының негізін қалаушылар, ел әлеуеті жастардың қолында. Мемлекеттік жастар саясаты көптеген «кейіпкерлер» қатысатын жүйе болып табылады, ал жастар тек жастар саясатының объектісі ғана емес, субъектісі болып та табылады. Жастардың жастар саясатына ықпал жасауын түрлі амалдар арқылы жүзеге асыруға болады, олардың бірталайы Қазақстанда қолданылып та жүр. Ықпал етудің дәстүрлі амалының бірі белгілі мәселе бойынша қоғамдық пікірді анықтау болып табылады. Шын мәнісіне келгенде көңіл толушылық көрсеткішінің жоғары болуы жастар саясатының басты мақсаты болмаса да, көздеген мақсатқа қол жеткізу нәтижесін бағалауға мүмкіндік беретін маркер.

«Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының қалай жүзеге асырылатындығына Сіздің көңіліңіз тола ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Сауалнаманың «Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының қалай жүзеге асырылатындығына Сіздің көңіліңіз тола ма?» сұрағына респонденттердің көпшілігі ұсынылған жауаптардың «Көңілім толады» (17,3%) және «Көңілім толатын шығар» (46,0%) нұсқаларын белгілеген. Осыған байланысты жастардың 63,2% қарастырылып отырған жағдай бойынша қанағаттанады деген шешім жасауға болады (14-диаграмма).

Жауаптың «Көңілім толмайтын шығар» (16,1%) және «Көңілім толмайды» (5,9%) нұсқаларын жалпы алғанда респонденттердің 21,9% таңдаған. Сауалнамаға қатысқандардың 7,3% «Мемлекеттік жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін» деген жауап берді, тағы 7,7% жауап бере алмады.

Ұлттық жіктелім бойынша жастар саясатының жүзеге асырылуына көңілі толатындардың көпшілігі қазақтар (66,3% «Көңілім толады» және «Көңілім толатын шығар» нұсқасын таңдаған), содан кейін орыстар (56,9%) және өзге ұлт өкілдері (54,2%). Егер «Көңілім толады» жауабын ғана алатын болсақ айырмашылық үлкен: қазақтар – 20,5%, орыстар – 11,5%, басқа ұлт өкілдері – 6,4%.

Талдау нәтижелері қарастырылған мәселе бойынша өңірлік жіктелімде 22-кестеде ұсынылып отыр.

«Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының қалай жүзеге асырылатындығына Сіздің көңіліңіз тола ма» сұрағына алынған жауаптар, өңірлік жіктелім бойынша (% өрнектелген)

	%
Ақтөбе	80,2
Астана	77,2
Шығыс Қазақстан	76,4
Ақмола	75,9
Қызылорда	75,3
Атырау	67,6
Алматы	66,8
Оңтүстік Қазақстан	65,3
Батыс Қазақстан	64,8
Қарағанды	61,7
Алматы	59,6
Жамбыл	55,7
Павлодар	47,4
Қостанай	40,6
Солтүстік Қазақстан	40,0
Маңғыстау	30,1

23-кестеде көрсетілгендей сұрақтың «Көңілім толады» және «Көңілім толатын шығар» нұсқаларын таңдаған үздік өңірлер – бұл Ақтөбе облысы (80,2%), Астана қаласы (77,2%) және ШҚО (76,4%). Аутсайдерлер үштігінде- Қостанай (40,6%), Солтүстік Қазақстан (40,0%) мен Маңғыстау (30,1%) облыстары.

«Көңілім толады» жауабы бойынша көрсеткіштерді жеке қарастырып кету керек. Осы нұсқаны таңдаған респонденттердің ең көп бөлігі Ақмола облысында (44,3%) байқалады. Содан кейін Атырау (33,8%), Шығыс Қазақстан (31,9%), Қызылорда (27%) және Ақтөбе (25,7%) облыстары. Ең төмен көрсеткіштер - Маңғыстау (8,2%), Павлодар (6,4%), Жамбыл (5,7%), Солтүстік Қазақстан (1,8%) және Қостанай (0%) облыстарында анықталды. Қостанай облысында ешбір респонденттің «Көңілім толады» деген жауапты белгілемегендігіне назар аудару керек.

Көрсеткіштер жалпы алғанда Қазақстан жастарының мемлекеттің жастар саясатына және оның жүзеге асырылуына көңілдерінің толатындығы анықталды. Жастардың көңілдерінің толуын бағалау барысында ескерілетін жайт – жастардың тұрғылықты жері мен ұлттық ерекшелігі.

Тарау бойынша қорытындылар:

1. Қазақстан жастарының қазақстандық жастар саясатына қанағаттанатындығы байқалады. Қазақстан жастарының басым бөлігі мемлекеттің жастарды қолдау мен дамуына көрсететін жәрдемін жеткілікті деп санайды, жастар мәселесіне мемлекет тарапынан бөлінетін назарға негізінен Атырау облысының және Астана қаласының жастары қанағаттанады. Ал көрсеткіштің төмендігі Солтүстік Қазақстан облысы мен Павлодар облысында анықталды.

2. Жалпы Қазақстан жастары мемлекеттік жастар саясатын тиімді деп бағалайды, көптеген өңірлерде жастар мемлекеттің осы саладағы қызметіне жоғары баға береді. Ұлттық ерекшелік бойынша мемлекеттің жастарды қолдау саясатына қазақтар жақсы баға береді, бұл көрсеткіш орыстар мен басқа ұлт өкілдері арасында төмендеу.

3. Қандай жағдай болмасын жастардың көпшілігі мемлекеттік жастар саясатының тиімсіздігін саралай келе, өңірге, ұлтына және жұмыспен қамтылуына қарамастан, мемлекеттік жастар саясатын жастардың өзекті мәселелерімен емес, қосалқы және туынды мәселелерін шешуге бағытталған деп санайды. Бұл көрсеткіштің сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының емес, көңілі толмайтындардың 50,8% ғана екендігі жұбатады. Жалпы сандағы үлес 13% ғана.

4. Мемлекеттік жастар саясатының тиімсіздігінің басқа себептерінің бағасы (заңдардың әлсіздігі, мамандардың біліктіліктерінің төмендігі) біздің ойымызша әр түрлі өңірде сол өңірге тән мәселенің маркері ретінде танылады. Жағдайдың іс жүзінде қандай екенін жекелеген өңірлер бойынша сарапшылардың бағалауы керек.

Болжам:

Алдағы уақытта жалпы алғанда жастардың мемлекеттік жастар саясатына беретін оң бағасы сақталады. Егер жастар ел жастарын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағадарламалардан хабардар болса, саясатқа көңіл толушылық көрсеткіші де арта түседі.

Ұсыныстар:

Жастардың көпшілігінің Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары туралы біле бермейтіндіктерін ескере келе (бұл туралы алдыңғы тарауларда айтылған), ел жастарын (әсіресе ауылды жерлерде) мемлекеттік жастар саясатының бағыттарымен таныстыруға арналған ақпараттандыру шараларының кешенін ұйымдастырып, оларды жүзеге асыру ұсынылады.

Еліміздің жастарының мемлекеттік жастар саясатының тиімсіз болуының себептерінің бірін жастармен тікелей жұмыс жасайтын мамандардың біліктіліктерінің төмендігі деп тануына байланысты мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуна жауапты мамандардың құзырлы болуына назар аудару қажет.

Мемлекеттің, жастар ұйымының жастармен тығыз байланыста болуын қамтамасыз ету ұсынылады, бұл жастардың күнделікті өмірінде кездесетін өзекті мәселелерді анықтауға, диалогтық алаңдар қалыптастыруға, жастар қозғалысына мүше болып табылатын белсенді жастармен «тең дәрежеде» араласуын қамтамасыз етуге көмектеседі, ал бұл мемлекеттің жастарды барлық әлеуметтік-саяси үрдістердің толыққанды қатысушысы деп танытындығын білдіреді.

VI ТАРАУ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІ

Мәселе .

Осы тараудың төңірегінде заманауи қазақстандық жастардың әлеуметтік белсенділігінің түрлері мен белсенділік деңгейіне талдау жасалады. Әлеуметтік белсенділікті талдауға жастардың әлеуметтік белсенділік танытудағы әрекеттерін анықтау; жастардың жастар ұйымына мүше болу мақсаттарын білу; жастардың еріктілікке қатысты көзқарастарын және оған қатысуға ынталарын анықтау; жастардың сайлауға қатысу белсенділігін барлау; жастардың патриотизм ұғымын қалай интерпретациялайтындықтарын және Қазақстан жастарының өз елі үшін нақты әрекеттерге қаншалықты дайын екендігін анықтау жатады.

6.1 Заманауи Қазақстан жастарының санасындағы әлеуметтік белсенділік ұстанымдар

Сауалнамаға қатысушылардың әлеуметтік белсенділіктерін анықтау осы зерттеу төңірегінде жастардың белсенділігінің жалпы деңгейін анықтайтын сұрақтарға алынған жауаптарды талдау арқылы жүзеге асырылды, оларға институциялық құрылымдарға мүше болу түріндегі нақты әрекеттер жатпайды. Мұндай жағдайда ұстаным дегенді әрекет емес, сол әрекетті іске асыруға жастардың бейімділігі деп алдық.

Нәтижелер.

Осы орайда «Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің әл-ауқатыңыз қандай нәрселерге тәуелді?» деген сұраққа алынған жауаптарға жеке тоқталу керек. Зерттеу қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі (53%) өздерінің әл-ауқаттары «Ең алдымен дербес мақсаттарға ұмтылу мен белсенділікке байланысты» деп санайды. Жас ер азаматтар арасында бұл көрсеткіш қыздар мен жас әйелдер арасындағы көрсеткішпен салыстырғанда жоғары (сәйкесінше, 55,7% және 50,2%).

Таңдалу жиілігі бойынша екінші орынды алған жауаптың «Тең дәрежеде өмір сүруге жасалған жағдай мен дербес мақсаттарға ұмтылуға байланысты» деген нұсқасы, бұл нұсқаны респонденттердің 23,8% таңдаған. Сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам (20,8%) ешқандай жағдай оның өзіне тәуелді емес, әл-ауқат қоғамдағы жағдайларға, қоғамның өмір сүру сапасына байланысты деп санайды (23-кесте).

Жастардың көпшілігінің сұрақтың әл-ауқат адамның өзіне және жеке белсенділігіне тәуелді деген нұсқасын таңдауы Қазақстан жастарының санасында әлеуметтік белсенділік ұстанымының маңыздылығының қалыптасқанын көрсетеді, сонымен қатар жастар санасында қалыптасқан белсенділіктің материалдық игіліктерге байланысты екендігін аңғартады.

**«Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің әл-ауқатыңыз қандай нәрселерге тәуелді?»
сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)**

	%
Ең алдымен дербес мақсаттарға ұмтылу мен белсенділікке байланысты	53,0
Тең дәрежеде өмір сүруге жасалған жағдай мен дербес мақсаттарға ұмтылуға байланысты	23,8
Әл-ауқат қоғамдағы жағдайларға, қоғамның өмір сүру сапасына байланысты	20,8
Ата-анаға, отбасына тәуелді	0,3
Көбінес Алланың еркінде (яғни, Жаратушының қалауымен)	0,2
Жауап бере алмаймын	2,1

Ең алдымен дербес мақсаттарға ұмтылу мен белсенділікке байланысты деп санайтындар Астана (77,2%) және Ақтөбе облысы (70,3%) бойынша көп болды, бұл көрсеткіш еліміз бойынша 53%. Адамның әл-ауқатының ең алдымен дербес мақсаттарға ұмтылу мен белсенділікке байланысты екендігін Жамбыл (33,6%) және Маңғыстау облысының (37%) аздаған өкілдері таңдаған.

Табысы бойынша корреляциялық талдау жасай отырып біз белсенділіктің, әл-ауқаттың оған тәуелділігін бағалау көрсеткіштерінің респонденттердің табысы артқан сайын жоғарылайтындығын көреміз. Ал қаражаты ас-суына да жетпейтіндер арасында бұл көрсеткіш 26,3% тең, материалдық тапшылық көрмейтіндер арасында көрсеткіш 63,8% тең.

Жастардың әлеуметтік белсенділік деңгейін анықтаудың қосымша көрсеткіші жастардың елде болып жатқан саяси және экономикалық оқиғаларға назар салуы болып келеді. Зерттеу мәліметтері бойынша сауалнаманың «Біздің еліміздің саяси өміріндегі оқиғалар барысы Сізді қызықтыра ма?» сұрағына 33,4 % жаңалықтар мен оқиғаларды мұқият қадағалап отырамын деген жауап берген. Жастардың 39,1% оқиғалар барысын бақылаймын, бірақ бұл өте қызық емес деген жауап берген. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігінен сәл артық бөлігі (25,7%) мүлде қызық емес деп жауап берген (24-кесте).

**«Біздің еліміздің саяси өміріндегі оқиғалар барысы Сізді қызықтыра ма?»
сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)**

	%
Оқиғалар барысын бақылаймын, бірақ бұл өте қызық емес	39,1
Жаңалықтар мен оқиғаларды мұқият қадағалап отырамын	33,4
Жоқ, бұл маған қызық емес	25,7
Қызық, бірақ мұқият бақыламаймын, кейде жаңалықтар көріп үлгірмеймін	0,2
Маған қызықтыларын бақылаймын	0,1
Жауап бере алмаймын	1,6

Елде болып жатқан саяси оқиғаларды мұқият бақылайтындар саны Атырау облысында тұрады (осы өңірдің барлық жастарының 55,9 пайызы), ең

азы – Маңғыстау облысының (11%) және Павлодар облысының (19,2%) жастары. Ал мұндай оқиғаларға мүлде қызықпайтындардың көпшілігі Маңғыстау облысы (50,7%) мен Ақмола облысында (43%).

Осыған ұқсас жауаптар сауалнаманың «Еліміздің экономикалық оқиғаларының қалай дамып жатқанын бақылайсыз ба?» сұрағына алынды. Нәтижелерге келер болсақ, елдегі экономикалық оқиғалардың өрбуін жастардың үштен бір бөлігі мұқият бақылап отырады екен (30,8%). Ал 42,4% бақылаймын, бірақ бұл қызық емес деген жауапты таңдаған, жастардың төрттен бірі (25,3%) елдегі экономикалық оқиғаларды қызық болмағандықтан мүлде бақыламайтындығын айтты.

Елдегі саяси оқиғаларға қатысты жағдай қайталанып отыр, белсенді түрде бақылайтын жастар саны бойынша Атырау облысы (52,9%) үздік болса, аутсайдер Маңғыстау облысы болып отыр (52,1%).

«Еліміздің экономикалық оқиғаларының қалай дамып жатқанын бақылайсыз ба?» сұрағына алынған жауаптардың жіктелуін 25-кестеден көруге болады.

25-кесте

«Еліміздің экономикалық оқиғаларының қалай дамып жатқанын бақылайсыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Оқиғалар барысын бақылаймын, бірақ бұл өте қызық емес	42,4
Жаңалықтар мен оқиғаларды мұқият қадағалап отырамын	30,8
Жоқ, бұл маған қызық емес	25,3
Бақылаймын, бірақ үнемі емес	0,2
Жауап бере алмаймын	1,5

Қазақстан жастарының Ғаламтордағы әлеуметтік белсенділігін анықтау мақсатында сауалнамаға «Қандай әлеуметтік желілерде Сіздің жеке аккаунтыңыз, парақшаңыз бар?» деген сұрақ қосылды. Нәтижелер ел жастарының 72,2% ВКонтакте желісінде аккаунттарының бар екендігін көрсетті. Екінші орында-Instagram (52,3%) желісі, үшінші орында-Facebook (23,4%) әлеуметтік желісі. Заманауи жастар арасында танымалдылығы бойынша төртінші орында Мой Мир-mail.ru (21,5%) әлеуметтік желісі, бесінші орында – Одноклассники (21,8%) желісі, алтыншы орында – Twitter (8,4%) желісі. Сауалнамаға қатысқандардың 8,1% әлеуметтік желілерде жеке аккаунтының жоқ екендігін айтты.

Осы сұрақ бойынша алынған жауаптардың талдауы ең таңдаулы әлеуметтік желілердің алғашқы үштігіне қазақтар ВКонтакте (барлық қазақтың 72,6%), Instagram (55,6%) және Facebook (25,1%) желілерін енгізеді. Орыстар мен өзге ұлт өкілдері арасында үздіктердің алғашқы екеуі қазақтар жасаған таңдау сияқты, ал үшіншісі өзгеше, үшінші орында Одноклассники желісі, оны орыстардың 40,1% және басқа ұлт өкілдерінің 34,5% пайдаланады, ал қазақтардың 14,2% ғана қолданады.

Өңірлік жіктелім бойынша жасалған талдау ВКонтакте әлеуметтік желісін пайдаланушылардың Маңғыстау облысында, Алматы және Астана қалаларында, Ақмола облысында көп екендігін көрсетіп отыр. Facebook желісі

Астана және Алматы халқы арасында танымал (59,4% және 39,9% сәйкесінше). Instagram желісінде жеке аккаунты бар жастар Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе облыстары мен Алматы қаласында көп. Онокласники желісін пайдаланатын жастардың көпшілігі Жамбыл және Қостанай облыстарында тұрады.

6.2 Жастарды жастар ұйымына мүше болуға ынталандыру

Әлеуметтік белсенділік ұстанымынан өзге жастардың белсенділігін тікелей көрсете алатын, қоғам өміріне ат салысып, нақты әрекеттер орындауын сипаттайтын бірнеше айнымалыларды қарастырып көрейік. Мұндай айнымалылар қатарына біз жастардың қандай да бір ұйымдарға мүшелігін, жастардың еріктілікке көзқарастарын, жастардың сайлауға қатысу белсенділігін жатқыздық. Есептің осы тармағында Қазақстан жастарының қандай да бір ұйымға мүшелігін және мүше болуға ынтасын қарастыратын боламыз.

Алынған мәліметтерге жүгінетін болсақ, сауалнамаға қатысқан жас респонденттердің жартысына жуығы (49,2%) ешбір ұйымға мүше емес, себебі олардың бұған уақыттары жоқ. Егер олардың қатарына ешбір ұйымға мүше еместердің санын (19,4%) қосатын болсақ, Қазақстан жастарының 70% жуығы ешбір ұйымға мүше болуға ынталы емес.


Қандай да бір ұйымға мүше екендігін мәлімдеген жастар арасында көпшілігі (11,4%) белгілі спорттық ұйымға кіреді, әрі қарай жастар ортасында жастар ұйымына мүшелік (8,2%) таралған, үшінші орында – мәдени-ұлттық бірлестіктерге мүшелік (4,4%), төртінші орында - қызығушылық бойынша біріктіретін клубтарға мүшелік (3,5%), бесінші орында – саяси бірлестіктерге, партияларға мүшелік (4,7%) тұр.

Егер мәліметтерді өңірлік жіктелім бойынша қарастыратын болсақ, жастар ұйымына мүшелік көрсеткішінің Қарағанды облысында (18,8%) және Атырау облысында (13,2%) басым екенін көреміз. Жастардың саяси бірлестіктерге, партияларға мүшелігі бойынша жоғары көрсеткіштерді Алматы қаласынан және Алматы облысынан байқаймыз (7,2% және 6,6% сәйкесінше).

Жастардың мәдени-ұлттық бірлестіктерге мүшелігі бойынша жоғары көрсеткіш Қызылорда (9%) облысына тиесілі; спорттық ұйымдарға мүшелік Жамбыл облысында (21,3%) және Қызылорда облысында (16,9%) басым; қызығушылықтары бойынша біріктіретін клубтарға мүшелік бойынша көрсеткіштер Қызылорда облысында (11,2%), Жамбыл облысында (9,8%), Павлодар облысында және Алматы қаласында (9%).

«Сіз қандай да бір ұйымның мүшесі болып табыласыз ба?» сұрағына алынған жауаптарды 15-диаграммадан көре аласыз.

«Сіз қандай да бір ұйымның мүшесі болып табыласыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Осы зерттеудегі маңызды сұрақ жастардың жастар ұйымына мүше болуға ынталану мәселесі болды. Жастардың мүшелікке ынталануының басты себептерінің арасындағы үздігі олардың қоғамға, адамдарға пайдалы болуға ұмтылатындықтары болды (39,4%) (26-кесте).

26-кесте

«Сізді жастар ұйымына мүше болуға не ынталандырады?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Қоғамға, адамдарға пайдалы болуға ұмтылу	39,4
Жұмыстық тәжірибе, жалпы өмірлік тәжірибе жинау	32,9
Неғұрлым жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болу	11,1
Қызметтік мансап бойынша өсуге ұмтылу	10,4
Басшылық қызметіне тағайындалуға ұмтылу	9,3
Ынтам жоқ, қатыспаймын	2,9
Жауап бере алмаймын	19,5

Екінші орында жауаптың «жұмыстық тәжірибе, жалпы өмірлік тәжірибе жинау» нұсқасы (32,9%), үшінші орында – «неғұрлым жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болу» (11,1%) нұсқасы тұр. Әрі қарай кему ретімен жауаптардың «қызметтік мансап бойынша өсуге ұмтылу» (10,4%) және «басшылық қызметіне тағайындалуға ұмтылу» нұсқалары (9,3%) орналасқан.

Осылайша, жалпы Қазақстан жастарының жастар ұйымына мүшелік түріндегі әлеуметтік белсенділік деңгейінің жоғары еместігін аңғарамыз. Ал

жастарды жастар ұйымына мүше болуға жетелейтін басты фактор – қоғамға пайдалы болу және өмірлік тәжірибе жинау.

6.3 Жастардың еріктілікке қатысты көзқарастары және оған қатысуға ынталандыру

Еріктілік дегеніміз кең ауқымды қызметтер жиынтығы, өзара көмек пен өз-өзіне жәрдемдесудің дәстүрлі түрін, қызметтердің ресми көрсетілуін және ерікті түрде қоғамның немесе жекелеген топтардың игілі үшін жүзеге асырылатын азаматтық әрекетті қоса алғанда. Еріктілік жастардың әлеуметтік белсенділігінің бір түрі.

Зерттеу барысында еріктілік мәселесіне үш сұрақ арналды. Олардың біріншісі Қазақстан жастарының еріктілік феномені туралы нені білетіндіктерін анықтауға бағытталды. Екінші сұрақ еріктілердің өздеріне ғана арналды және жастардың еріктілікке қандай себепке байланысты қатысатындығын анықтады. Үшінші сұрақ жастардың еріктілікпен қаншалықты айналысқысы келетіндігін анықтауға арналды.


Әлеуметтік сауалнама барысында жиналған деректерге сәйкес Қазақстан жастарының 67,8% еріктіліктен хабардар, бірақ өздері ешқашан қатыспаған.

Әрбір бесінші жас тұлға (сауалнамаға қатысқан жастардың 21,1%) Қазақстандағы еріктілік туралы ешқашан естімеген. **Әрбір оныншы адам (9,5%) бұрын және/немесе белсенді ерікті/қатысушы болған немесе қатысушы болып саналады** (16-диаграмма).

Еріктілер қозғалысына қатысу бойынша жоғары көрсеткіштер Алматы қаласында (осы өңірдің барлық респонденттерінің 19,3%) және Қарағанды облысында (17,4%) байқалады. Ал осындай қозғалыс туралы ештеңе естімегендердің көбісі Қостанай және Қызылорда облыстарында (37,5 және 34,8% сәйкесінше).


Қалалық жастар арасындағы еріктілер саны ауылдық жерге қатысты көрсеткіштермен салыстырғанда екі есеге артық (11,7% және 6,4% сәйкесінше).

«Сіз еріктілер туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жастарды еріктілікпен айналысуға жетелейтін себептерді талдай отырып, бастысы өзгелерге жәрдемдесу (59,6%), өмірлік тәжірибе жинау (21,6%), маңайында болып жатқан құбылыстар үшін жауапкершілікті сезіну (16,6%) екендігін көріп отырмыз. Сонымен қатар еріктілердің айтуы бойынша өмірді өзгертуге құлшыну (9,2%) және аздап ақша табу (7,3%) себептері де бар (17-диаграмма).

«Сізді ерікті болуға қандай себеп жетелейді?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Еріктілікке жетелейтін маңайда болып жатқан құбылыстар үшін жауапкершілік сияқты себептің көрсеткіші жастар есейген сайын артады. Жасы 14-18 аралығындағы жастарда бұл көрсеткіш 14,5% болса, неғұрлым

ересек, 19-23 жас аралығындағыларда—17,1% және 24 жастан жағары топта—17,2%. Бұл себеп негізінен ер адамдарға карағанда әйел адамдарға тән (19,3% және 13,1% сәйкесінше).

Жастарды еріктілікпен айналысуға жетелейтін себептерге жасалған талдау бойынша қазақтар мен басқа ұлт өкілдері арасында (қазақтар мен орыстардан өзге) басым себептердің алғашқы үштігіне өзгелерге жәрдемдесу, өмірлік тәжірибе жинау және жауапкершілікті сезіну кіреді. Ал орыстар арасында мұндай үштікке өзгелерге жәрдемдесу, өмірлік тәжірибе жинау және өмірді өзгертуге ұмтылу жатады.

Сауалнаманың «Сіздің еріктілікпен айналысқыңыз келе ме?» деген сұрағына көпшілігі (41,9%) айналысқысы келетіндіктерін, бірақ уақыттарының жоқтығын айтты. Бұл жауап барлық топтамаларда басым болды, респонденттердің осы жауапты таңдау жиілігі сауалнамаға қатысушылардың жасы ұлғайған сайын арта түсті (32,3%, 40,6% және 47,8% сәйкесінше, жастардың үш топтамасы бойынша) (27-кесте).

27-кесте

«Сіздің еріктілікпен айналысқыңыз келе ме?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Иә, бірақ бос уақыт жоқ	41,9
Иә, бірақ қайда бару керектігін білмеймін	18,2
Жоқ, себебі бұл маған қызық емес	16,5
Иә, егер сыйлықақы берілетін болса	9,1
Жоқ, бұл бос шаруа	6,3
Мен еріктімін	0,6
Еріктіліктің не екенін білмеймін	0,2
Ерікті болғым келмейді	0,1
Жауап бере алмаймын	7,4

Кездесу жиілігі бойынша екінші жауап - «Иә, еріктілікпен айналысқым келеді, бірақ қайда бару керектігін білмеймін» - 18,2%. Үшінші орында жауаптың «Жоқ, себебі бұл маған қызық емес» нұсқасы (16,5%), төртінші орында – «Иә, егер сыйлықақы берілетін болса» нұсқасы (9,1%) тұр. Үздік жауаптардың бестігінің соңында «Жоқ, бұл бос шаруа» нұсқасы (6,3%) тұр. Жастардың бір пайыздан аз бөлігі (0,6%) өздерінің ерікті екендіктерін айтты.


Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігінің (жауаптың алғашқы үш нұсқасы бойынша қосқанда 69,1%) еріктілікпен айналысқысы келетіндіктерін, бірақ уақыттарының жоқтығын және еріктіліктің қалай іске асырылатындығы туралы мәліметпен таныс еместігін көріп отырмыз. Алынған жауаптарға келер болсақ, кейбір жастарда еріктілік туралы дұрыс пікір қалыптаспаған, еріктіліктен қандай да бір қаржылай сыйақы күтеді.

6.4 Жастардың сайлауға қатысуы

Жастардың әлеуметтік белсенділіктерін анықтайтын тағы да бір көрсеткіш - олардың сайлауға қатысу қарқыны. **Нәтижелер осы әлеуметтік зерттеу бойынша сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігінің (66,9%) сайлауға белсене қатысатындығын көрсетіп отыр – жауаптардың «Үнемі қатысамын, ешқайсынан қалмаймын» (32,7%) және «Уақытым болса үнемі қатысуға тырысамын» (34,2%) нұсқаларын қосқанда (18-диаграмма).**

18-диаграмма

*«Сіз сайлауларға қатысасыз ба?» сұрағына алынған жауаптар
(% өрнектелген)*



Жастардың 12,1% сайлауға қатыспайтындықтарын айтты, жауаптың «Ешқашан қатыспаймын, себебі мұның барлығы сатылып алынған» (6%) және «Ешқашан қатыспаймын, себебі бұл маған қызық емес» нұсқаларын қосқанда (6,1%). Ал респонденттердің 17,4% жастары 18 толмағандықтан сайлауға қатыспайды.

Қазақстан жастарының сайлауға қатысу белсенділігінің көрсеткіштеріне өңірлік жіктелім бойынша жасалған талдау бұл салада Солтүстік Қазақстан облысы мен Атырау облысы жастарының неғұрлым белсенді екендігін көрсетіп отыр (83,6% және 82,4%, жауаптардың «Үнемі қатысамын, ешқайсынан қалмаймын» және «Егер уақытым болса үнемі қатысуға тырысамын» нұсқаларын қосқанда, сәйкесінше). Жастардың сайлауға қатысуының ең төмен көрсеткіштері Қазақстанның Маңғыстау облысында (47,9%), Батыс Қазақстан облысында (56,3%) және Алматы қаласында (57,4%) анықталды.

Қазақстандық жастардың сайлауға қатысу белсенділігі көрсеткіштерінің ұлттық ерекшелік бойынша өзгеше екендігін айта кетейік. Қазақтар арасында сайлауға қатысу белсенділігінің көрсеткіші жоғары (жауаптың екі оң нұсқасын қосқанда 69,6%), одан кейін орыстар – 62,3% және басқа ұлт өкілдері – 57,1%.

Жалпы, Қазақстан жастарының сайлауға белсенді қатысатынын байқадық. Жынысы, жасы, табысы мен басқа да әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер бойынша (ұлттық ерекшелікті санамағанда) өзгешелік анықталған жоқ. Дегенмен, Қазақстанның жастары сайлауға ең белсенді қатысатын өңірлерін атап кетейік, олар: Солтүстік Қазақстан және Атырау облыстары.

6.5 Заманауи Қазақстан жастарының патриотизм ұғымын түсінуі

Жалпы әдебиеттерде патриотизм рухани және саяси ұғым, әлеуметтік сезім деп түсіндіріледі, оның мәнісі Отанға деген махаббат пен туған ел мен жер үшін өзінің мүдделерін құрбан етуге дайындық.

Мұндай түсініктемелің жан-жақтылығына қарамастан бұл терминді әр адам әр түрлі ұғады. Осы зерттеудің міндеттерінің бірі аталған терминді қазақстандық жастардың түсіну ерекшелігін анықтау болып отыр.

Сауалнаманың «Сіздің ойыңызша «Қазақстанның патриоты» деген ұғымға не жатады?» сұрағына көпшілігі (барлық қатысушылардың төрттен үш бөлігіне жуығы) жауаптың «Отанға деген махаббат» - 32,2% нұсқасын таңдады. Респонденттердің 22,1% патриотизмді «Елдің жетістіктері үшін мақтаныш» деп түсінсе, 19,8% «Ел азаматының міндеттерін орындау, мемлекеттің заңдарын сақтау» деп түсінеді, ал 8,9% «Қажет жағдайда қолға қару алып, елді қорғау» деп санайды. Әрі қарай кему ретімен жауаптардың «Ел болашағының зор екендігіне сену» (7,7%), «Елді іштей құлдырататын қауіптермен белсенді күрес» (2,9%), «Ел мәдениетін білу және оны мақтан тұту» (3,3%), «Алыста жүріп Отанды сағыну» (1,2%) нұсқалары орналасқан (28-кесте).

28-кесте

«Сіздің ойыңызша «Қазақстанның патриоты» деген ұғымға не жатады?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Отанға деген махаббат	32,2
Елдің жетістіктері үшін мақтаныш	22,1
Ел азаматының міндеттерін орындау, мемлекеттің заңдарын сақтау	19,8
Қажет жағдайда қолға қару алып, елді қорғау	8,9
Ел болашағының зор екендігіне сену	7,7
Ел мәдениетін білу және оны мақтан тұту	3,3
Елді іштей құлдырататын қауіптермен белсенді күрес	2,9
Алыста жүріп Отанды сағыну	1,2
Жауап бере алмаймын	2,2


Әлеуметтік сауалнама барысында жиналған мәліметтер бойынша заманауи жастардың 92,3% өздерін Қазақстанның патриоты деп санайтындығын көрдік, жауаптың «Иә» және «Санайтын шығармын» нұсқаларын бірге алғанда. «Иә» нұсқасын сенімді түрде жас азаматтардың 64,7% таңдады, қалған 27,6% «Санайтын шығармын» нұсқасын таңдады (19-диаграмма).

Осы көрсеткіштерге өңірлік жіктелім бойынша жасалған талдау айқын патриоттар санының (жауаптың «Иә, өзімді елімнің патриоты деп санаймын» нұсқасын таңдағандар) көбісінің Астанада (86,1%), Ақтөбе облысында (80,2%) және Солтүстік Қазақстан облысында (80%) тұратындығын көреміз. Жауаптың «Санайтын шығармын» және «Жоқ» нұсқаларын таңдағандарының көпшілігі (нәтижелерді қосып алғанда) Қостанай (11,5%), Шығыс Қазақстан (10,4%) және Қарағанды (9,4%) облыстарында.

Патриоттар саны қазақтар арасында көп, сауалнамаға қатысқан барлық қазақтар санының 70,8% «Иә, мен патриотпын» деген жауапты таңдаған. Бұл көрсеткіш орыс ұлты арасында 49,4%, өзге ұлт өкілдері арасында – 52,7%. Егер жауаптың екі оң нұсқасы бойынша жалпы көрсеткішті талдайтын болсақ («Иә» және «Санайтын шығармын» нұсқалары) көрсеткіштің қазақтар арасында 94,3%, орыстар арасында – 87,8%, басқа ұлт өкілдері арасында 87,2% екенін байқаймыз.

19-диаграмма

«Өзіңді Қазақстанның патриоты деп санайсыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)



Жалпы заманауи Қазақстан жастары арасында патриотизм деңгейінің айтарлықтай жоғары екендігіне көзіміз жетті. Патриотизм көрсеткіштері бойынша ең жоғарғы көрсеткіш астаналық жастардың иелігінде, бұл оқу орындарында жүргізілетін идеологиялық жұмыстардың тиімділігін, жастар ұйымдарының жұмыстарының қарқынын (ең бастысы астанамызда шоғырландырылған), жастарды тәрбиелеуге бағытталған ауқымды мәдени шаралардың тиімділігін (патриоттық тәрбие де бар), Астанада орналасқан

мұражайлардың, елдің бұрынғы және қазіргі тарихын паш ететін ескерткіштердің маңыздылығын білдіреді.

Патриотизмнің жоғарылығы жастардың барлық әлеуметтік-демографиялық топтарына тән, дегенмен, жоғары көрсеткіш қазақтар арасында анықталды (мұны түсіндіру оңай – қазақтар мемлекеттің халқының негізін құраушы ұлт), өңірлерде де қазақ халқының көрсеткіші басым.

6.6 Жастардың өз елі үшін нақты әрекеттерге дайындығы

Осы әлеуметтік зерттеу төңірегінде заманауи Қазақстан жастарының әлеуметтік белсенділігін анықтау үшін жастардың елдің дамуына бағытталған белгілі әрекетке қаншалықты дайын екендігін анықтау міндетін орындау керек. Бұл көрсеткішті анықтауға сауалнаманың «Еліміздің дамуы үшін, жастардың болашағы үшін не істеуге дайынсыз? Қазақстанның гүлденетін мемлекет болуы үшін Сіз қазір не істей аласыз?» сұрағы арналды.

Нәтижелер сауалнамаға қатысқан жастардың төрттен үш бөлігінің қазірақ Қазақстанның дамуы және оның болашағы үшін қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жобаларға (сенбіліктер, мұқтаж жандарға көмектесу, донор болу және т.б.) қатысуға дайын екендігін көрсетіп отыр, мұндай жауап бергендер саны 29,2%. Жастардың 27% өз елі үшін жақсы оқуға, сапалы білім алуға және елде белгілі саланы дамытуға ат салысуға дайын, жастардың 24,6% салауатты өмір салтын ұстанып, басқаларды осыған баулуға дайын (29-кесте).

29-кесте

«Еліміздің дамуы үшін, жастардың болашағы үшін не істеуге дайынсыз? Қазақстанның гүлденетін мемлекет болуы үшін Сіз қазір не істей аласыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жобаларға (сенбіліктер, мұқтаж жандарға көмектесу, донор болу және т.б.) қатысу	29,2
Жақсы оқу, сапалы білім алу және елде белгілі саланы дамытуға ат салысу	27,0
Салауатты өмір салтын ұстанып, басқаларды осыған баулу	24,6
Білікті болу, жұмыс жасау және салық төлеу	19,2
Елінің патриоты болу, өз елі туралы шетелдік достарға айту, әлеуметтік желідегі таныстармен бөлісу	13,0
Ерікті болу және жастарға қоғамдық орындарда мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпарат тарату	5,0
Мен қазір еліме ештеңе бере алмаймын, менің өзіме көмек керек	5,4
Жауап бере алмаймын	2,4

Төртінші орында жауаптың «Білікті болу, «Жұмыс жасау және салық төлеу» (19,2%) нұсқасы, бесінші орында (13%) «Елінің патриоты болу, өз елі туралы шетелдік достарға айту, әлеуметтік желідегі таныстармен бөлісу» нұсқасы. Әрі қарай кему ретімен жауаптардың келесі нұсқалары орналасқан: «Мен қазір еліме ештеңе бере алмаймын, менің өзіме көмек керек» (5,4%) және

«Ерікті болу және жастарға қоғамдық орындарда мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпарат тарату» (5%).

Бұл әлеуметтік зерттеуде жастардың әлеуметтік белсенділігіне қатысты тағы да бір аспект қарастырылды, бұл – жастардың құқығы бұзылған жағдайда қандай шара қолданатындықтарын анықтау. Мәліметтер бойынша Қазақстан жастырының басым көпшілігі осындай жағдай орын алатын болса «Құқық қорғау органдарына жүгінетіндіктерін (полиция, прокуратура)» айтты, осындай жауапты жастардың 42,1% таңдады (30-кесте).

30-кесте

«Сіздің құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Сіз қандай шара қолданасыз?» сұрағына алынған жауаптар (% өрнектелген)

	%
Құқық қорғау органдарына жүгінемін (полиция, прокуратура)	42,1
Билік органдарынан көмек сұраймын	18,5
Ешқандай шара қолданбаймын, себебі оның бәрі нәтижесіз болады	17,7
Қоғамның назарын аудартамын (БАҚ, қоғамдық ұйымдарға хабарлаймын)	8,3
Наразылық шерулеріне қатысамын	3,0
Жеке таныстарым мен сыйақыны пайдаланамын	2,4
Тек өзіме сенемін	0,1
Жақындарыммен пікірлесемін	0,1
Ата-анам қорғайды	0,1
Жауап бере алмаймын	8,0

Мұндай жағдайда жастардың 18,5% билік органдарынан көмек сұрамақшы. Жастардың 17,7% құқықтары бұзылған жағдайда ешқандай шара қолданбайтындықтарын айтты, себебі нәтижесіз болатындығын біледі. 8,3% мұндай жағдайда қоғамның назарын аудартуға дайын (БАҚ, қоғамдық ұйымдарға хабарласады), 3% наразылық шеруіне шығады, 2,4% жеке таныстарының көмегіне жүгінеді.

Жалпы жастардың елді дамытуға қатысуының ең тиімді үлгісін Қазақстан жастарының мынадай деп таңдағанын көрдік: қоғамдық жұмыстарға және әлеуметтік жобаларға қатысу; сапалы білім алу; салауатты өмір салтын ұстану.

Өз құқықтарын қорғаудың ең тиімді жолы ретінде жастар полицияға, билік органдарына, БАҚ жүгінуді таңдады. Жастардың көпшілігі (әрбір алтыншы адам) өздерінің құқықтарының қорғалатындығына сенбейді және мұндай жағдайда ешқандай шара қолданбайтындықтарын мәлімдеді.

Тарау бойынша қорытындылар:

1. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі әл-ауқаттары дербес мақсаттарына ұмтылуына және белсенділіктеріне байланысты деп санайды, демек, белсенді болу өмірлік ұстаным ретінде қабылданады.

2. Қазақстанның жастарының елде болып жатқан саяси және экономикалық құбылыстарға қызығушылықтары орташа – үштен бір бөлігі ғана аталған саладағы оқиғаларды бақылайды. Сала жаңалықтарын үнемі бақылайтын жастар Атырауда, аутсайдер – Маңғыстау облысы.

3. Қазақстан жастарының әлеуметтік желілердегі белсенділік деңгейі айтарлықтай жоғары. Ең таңдаулы әлеуметтік желілердің алғашқы үштігіне ВКонтакте, Instagram және Facebook кіреді. Орыстар мен басқа ұлт өкілдері арасында үздік желінің алғашқы екеуі қазақтар жасаған таңдау сияқты, бірақ, үшіншісі Одноклассники әлеуметтік желісі.

4. Қазақстан жастарының 70% жуығы түрлі ұйымдарға мүше болуға ынталы емес, соның ішінде жастар ұйымы да бар. Мүшелік бойынша жоғары көрсеткіш Қарағанды және Атырау облыстарында байқалады. Жастардың жастар ұйымына немесе басқа да бірлестіктерге мүше болуының себептері: қоғамға, адамдарға пайдалы болу; жұмыс тәжірибесін, жалпы өмірлік тәжірибе жинау; неғұрлым жоғары әлеуметтік мәртебе алуға ұмтылу.

5. Қазақстан жастарының 65% астамының еріктілік туралы білетініне карамастан, әлеуметтік белсенділіктің осы түрі әлсіз. Жастардың 10% төмен бөлігі қазіргі уақытта ерікті болып табылады немесе бұрын ерікті болған. Еріктілер Алматы мен Қарағанды облыстарында көп.

6. Қазақстан жастарының басым бөлігі сайлауға белсене қатысатынын көрсетті. Бұл бағытта ең белсенділер Солтүстік Қазақстан облысы мен Атырау облысының жастары, ал Қазақстанның Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары және Алматы қаласының жастары сайлауға қатысу бойынша төмен көрсеткішітерге ие.

7. Әлеуметтік сауалнама барысында анықталған мәліметтерге сүйенер болсақ, Қазақстанның жастарының 92,3% өздерін патриот деп санайды. Патриотизм деңгейі қазақтар арасында жоғары, өңірлерде де қазақтар арасындағы көрсеткіш біршама басым.

Болжам:

Болашақта жастардың елде болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістерге қатысты қызығушылықтарының төмендігі сақталатын болады, ал жастардың саяси өмірге белсене ат салысуы олардың тек сайлауға қатысуымен шектелетін болады.

Ұсыныстар:

Заманауи жастар үшін әлеуметтік желілердің маңызды екендігін ескере келе, осы ресурстарды жастар саясатының іске асырылу барысы мен атқарылатын шаралар туралы ақпараттандыру құралы ретінде пайдалануды ұсынамыз.

Жастардың елдің саяси және экономикалық өзгерістеріне қызығушылықтарының төмен екендігін ескере отырып, елдің оқу орындарында жастардың әлеуметтік белсенділіктерін арттыруға, әлемде және елде болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарын білуге бағытталған шаралар атқару ұсынылады.

Жастарды жастар ұйымдарымен, олардың қызметтерінің мақсаттарымен таныстыратын ақпараттық шара ұйымдастырып, оны жүзеге асыруды ұсынамыз.

Қазақстан жастары арасындағы еріктілер қозғалысын жандандыру мақсатында қызметтің осы түрін насихаттау, мысалдар келтіру, республикалық және аймақтық БАҚ ақпарат жариялау ұсынылады.

Ұлттық ерекшелікке байланысты өзін патриот деп тану бойынша орын алатын ерекшеліктердің бар екендігін ескере отырып, басқа ұлт өкілдерінің (қазақтардан басқа) жастары арасында патриотизмге баулитын шаралар атқаруды ұсынамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамның қарыштап дамуы, экономика саласының жаһандануы, саяси институттардың жандануы, мәдени плюрализмнің үдеуі сияқты құбылыстар төңірегінде заманауи жастардың қажеттіліктері де өзгереді, жастардың өзі-өзі көрсету амалдары, қоғамда атқаратын рөлі, қоғамдық жоспардың қалыптасу реті және көздеген мақсатқа қол жеткізу жолдары өзгереді.

Жастардың әлеуметтік ахуалының негізгі аспектілерін анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу, жастардың құндылықтарды бағалауларын, өмірге көңілдерінің толатындығын, көңіл-күйлерін, жастардың елде болып жатқан өзгерістерге көзқарастарын қоса алғанда, жастардың қажеттіліктерінің қалыптасуына ықпал ететін мәнмәтінді анықтауға мүмкіндік туғызды.

Қазақстан жастарының өзекті мәселесі осы зерттеуде анықталып, мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру және оны іске асыру барысында ескерілуі тиіс мәселелер шеңбері белгіленді.

Жүргізілген зерттеу Қазақстан жастарының мемлекеттік жастар саясаты жайлы пікірлерін талдауға, жастардың мемлекеттік бағдарламалық құжаттармен қаншалықты таныс екендігін анықтауға, жастардың жастар ұйымдары мен мекемелерінің бар екендігінен қаншалықты хабардар екендіктерін білуге, жастар саясатын іске асыру төңірегінде атқарылытан шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік тудырды.

Жалпы алатын болсақ, жүргізілген әлеуметтік зерттеу қорытындылары заманауи қазақстандық жастардың әлеуметтік ахуалдарының ең бастысы жұмысқа орналасуға, жұмыссыздыққа, материалдық тапшылыққа, азық-түлік пен халық тұтынатын тауар бағаларының қымбаттығына байланысты туындайтын бірқатар мәселелердің болуына қарамастан жақсы екендігін көрсетіп отыр.

Аталған қиыншылықтарға қарамастан жастар арасында белсенділік басым, жастар оптимизмге бейім және қайырымды.

Жастардың пікірі бойынша мемлекет тарапынан үнемі назар мен бақылауды талап ететін бірнеше сала бар, сәйкесінше, олардың мемлекеттік жастар саясаты бағдарламаларында көрсетілуі керек. Бұл ең алдымен жастардың жұмыспен қамтылуы, баспана мәселесі, сапалы және қол жетімді білім.

Қазақстан жастарының елде болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістерге қызығушылығының төмендігіне қарамастан, олардың әлеуметтік белсенділік деңгейін жоғары деп бағалауға болады. Бұл сайлауға белсене қатысудан және әлеуметтік желілердегі белсенділіктен байқалады.

Қазақстан жастары жалпы алғанда мемлекеттік жастар саясатының маңыздылығын түсінеді, оны қажет деп санайды. Жастар мемлекеттік жастар саясатынан ең алдымен идеологиялық құралды көреді. Екіншіден, жастар мемлекеттік жастар саясатынан әлеуметтік қамтамасыздандыру механизмін көреді. Жастардың мемлекеттік жастар саясаты туралы пікірі мемлекеттің ұстанымына сай келеді.

Жастардың Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бағдарламалық құжаттарымен таныс болу көрсеткіштерінің төмен екендігі анықталды. Жастар ұйымының қызметтерімен де таныстық көрсеткіштері салыстырмалы түрде төмен. Ең алдымен бұл жастарға бағдарламалық құжаттарды таныстыратын және мемлекеттік жастар саясатының мақсаттарын түсіндіретін ақпараттандыру жұмыстарының нашарлығымен түсіндіріледі.

Жалпы Қазақстан жастары мемлекет саясатына қанағаттанады, Қазақстан жастарының басым бөлігі мемлекеттің жастар мәселесіне бөлетін көңілін жеткілікті деп санайды.

Мемлекеттің жастардың жастар саясатын тиімсіз деп санау себептеріне назар аударуы керек. Оның себептері: жастар саясатының негізгі өзекті мәселелерді емес, қосалқы мәселелерді шешуге бағытталуы; жастармен жұмыс жасайтын жастар ұйымы мен мемлекеттік органдар арасында қарым-қатынастың қалыптаспауы; жастар саясатын жүзеге асыратын маманардың біліктілігінің төмендігі.

Деректерді талдай келе жасалатын негізгі ұсыныс мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бойынша атқарылатын шаралардың тиімділігін қамтамасыз ету үшін ақпараттандыру жұмыстарын қолға алу болып табылады, жастар мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысуға дайын емес, ал бұл жастардың осындай бағдарламалар мен жобалар туралы мәліметтерді білмеуіне байланысты.

